

# Abai eli

Берекелі болса ел, жағасы жайлау ол бір көл!

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ 1935 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№1 (839) 1 - 7 қаңтар 2026 ЖЫЛ


*Қазақстан Республикасының Президенті*
*Қасым-Жомарт Тоқаев:*

## ҚАЗАҚСТАН ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ ҚАДАМ БАСТЫ



**2026 жылғы 05 қаңтар**

**– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіз жыл сайын мерзімді баспасөзге ауқымды сұхбат беру арқылы белгілі бір саяси дәстүр қалыптастырдыңыз деуге болады. Осы орайда, «Turkistan» газетінің ұсынысын қабыл алғаныңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз.**

– «Turkistan» газеті 30 жылдан бері тұрақты шығып келеді. Бұл – Қазақстандағы ең ықпалды басылымның бірі. Газеттің атауында да өте үлкен мән-мағына бар. Басылым тілшілері ел ішіндегі өзекті мәселелермен қатар, тұтас түркі жұртына ортақ тақырыптарды да көтеріп жүреді. Бұл өте жақсы дәстүр деп санаймын.

Шетелде жұмыс істеп, түрлі салада табысқа жеткен қазақтар туралы мақалаларды қызығушылықпен оқимын. Қазақстан мен өздері тұрып жатқан елдер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға үлес қосып жүрген осындай үш азаматты арнайы марапаттадым.

Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Себебі, әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Жасы қырыққа жетсе де, білімі мен ой-өрісі он бес жастағы жасөспірімдер деңгейінде қалып қойған азаматтарды қазірдің өзінде кездестіруге болады.

Өз басым мерзімді баспасөзді жас кезімнен үзбей оқитыным рас. Әлі күнге дейін осы әдетімнен жаңылған емеспін. Қазіргі таңда баспасөз заман талабына бейімделіп, ақпарат айдынынан өз орнын тауып отыр. Газет тілшілері жан-жақты шолулар мен терең сараптамалар жасауға баса мән береді, ағартушылықпен айналысады. Кәсіби әрі өз ісіне адал журналистер сапалы материалдар әзірлеп, дәстүрлі құндылықтарды сақтауға елеулі үлес қосып келеді. Мен сүйікті Отанымыздың игілігі үшін барлық салада табысты еңбек етіп жүрген мықты азаматтар туралы мәліметтерді көбінесе газеттерден аламын. Ел ішіне кең таралған TikTok, Instagram немесе Telegram арналары еңбек адамдарының шынайы тыныс-тіршілігінен алыс екенін өзіңіз де жақсы білетін шығарсыз.

Қоғамымыз елең етерлік жаңалық оқып, бейнежазба көрумен шектелмей, мән-мағынасы терең ақпараттың да қадірін білгені дұрыс деп санаймын. Көптеген жастарымыздың да дәл солай ойлайтынына қуанамын. Себебі, олар адамды тығырыққа тірейтін елес-қиял әлемінде өмір сүруді емес, нағыз білім-ғылым жолына түсуді мақсат тұтады. Оқу мәдениеті жоғары елдер әрдайым жаһандық дамудың алғы шебінде бола беретіні сөзсіз. Бұған еш күмәнім жоқ.

**– Сұхбатымыздың бас жағында әдеттегідей өткен жылдың қорытындысы туралы сұрағым келеді. Былтыр өте көп оқиға болғаны белгілі. Дегенмен, 2025 жылдың басты нәтижесі қандай деп ойлайсыз?**

– Шынымен де, айтулы оқиғалар аз болған жоқ. Көзді ашып-жұмғанша бір жыл өте шықты, бұл сұрағыңызға табан астында жауап бере қою қиын. Мысалы, экономикамыз 6 пайыздан астам өсті. Ішкі жалпы өнім 300 миллиард доллар межесіне жетіп, жан басына шаққанда 15 мың доллардан асты. Бұл – елімізбен қатар, бүкіл өңір үшін рекордтық көрсеткіш. Жалпы, ойдағыдай жұмыс істелді деуге болады. Бірақ, мен барлық мемлекеттік қызметшілерге тоқмейілсіп, масайрап отыруға мүлде болмайтынын үнемі айтамын. Шығыс халықтары «Тегіс жолдың өзінде тосқауыл бар» дейді. Біз тынымсыз еңбектеніп, тек алға ұмтылуымыз керек. Оның үстіне, түйіні тарқатылмаған түйткілдер аз емес.

Бұл – ең алдымен, инфляция деңгейінің жоғары болуы. Соның салдарынан азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыруға арналған еңбектің бәрі текке кетіп жатыр. Биыл Үкімет пен әкімдер мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық тұғырын нығайту үшін көп жұмыс істеуі керек.

**Басы. Жалғасы 2,3,6-беттерде**

## *Құттықтаймыз*



**Елорда төрінде мәдениет саласының мемлекеттік стипендияны салтанатты табыстау рәсімі өтті**

Өздеріңізге белгілі Мемлекет басшысының Өкімімен 2025 жылғы мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендия «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Төлеген Жанғалиевке берілген болатын.

**Стипендияны Мемлекет басшысының атынан Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева табыстады.**

**Биыл 75 адам мемлекеттік қолдауға ие болды.**

## ТҮЗ ТАҒЫЛАРЫН АУЛАУ САЙЫСЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



***Ата кәсіп – мал шаруашылығын тірек еткен Абай елі үшін төрт түліктің амандығы – ауыл тыныштығы мен ел берекесінің басты кепілі. Дегенмен соңғы жылдары түз тағыларының, әсіресе қасқыр санының көбеюі шаруаларға едәуір зиян келтіріп, ауыл қауіпсіздігіне алаңдаушылық туғызғаны жасырын емес.***

Осы өзекті мәселені шешу мақсатында өңірде түз тағыларын аулау бойынша арнайы сайыс ұйымдастырылды. Аталған шараның бас демеушісі – «СК Спецмонтаж 2030» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Белгіленген мерзім ішінде 5–7 адамнан құралған аңшылар тобы белсенділік танытып, нәтижесінде барлығы 24 қасқыр ауланды. Сайыс қорытындысы бойынша жүлделі орындар анықталды:

I орын – Қарауыл ауылының «Шыңғыстау шымырлары» тобы. Олар 13 қасқыр аулап, 1 миллион 300 мың теңге көлеміндегі ақшалай сыйлық пен 1 бас ту биеге ие болды.

II орын – Көкбай ауылының «Көкбай серілері» тобына бұйырды. Топ мүшелері 5 қасқыр атып, 1 бас таймен марапатталды.

III орын – Медеу ауылының «Қыдыр қырандары» тобы. Олар да 5 қасқыр аулап, 1 бас жабағы жүлдесіне қол жеткізді.

Сонымен қатар «Ең ірі түз тағысы» номинациясы бойынша мергендігімен ерекшеленген Қ. Қанатбекке 150 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлық табысталды.

Байқау талаптарына сәйкес, жеңімпаздар арнайы жүлделерден бөлек, әр ауланған қасқыр үшін 100 мың теңгеден сыйақы алды.



**Аталмыш шара түз тағыларының санын реттеуге, биологиялық тепе-теңдікті сақтауға, мал шығынының алдын алуға және ауыл тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.**

**«АЕ» ақпараты**



## *Жаңа тағайындау*

***Абай ауданы әкімінің өкімімен Рахымова Айжан Рахымқызы Абай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы болып тағайындалды.***

Айжан Рахымқызының осы салада 30 жылдан астам жинақтаған мол тәжірибесі мен жауапкершілігі арқылы ауданның әлеуметтік саласының дамуына өз үлесін қосатынына сенім мол.

**Айжан Рахымқызына жаңа қызметіне табыс, толағай жетістіктер мен сәттілік тілейміз.**

## НҰРГҮЛ МАҚСҰТҚЫЗЫ - ҚҰРМЕТТІ ЕҢБЕК ДЕМАЛЫСЫНДА

***Абай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Сағындықова Нұргүл Мақсұтқызын құрметті еңбек демалысына шығуымен шын жүректен құттықтаймыз.***



Нұргүл Мақсұтқызы 25 жылға жуық мемлекеттік қызметте абыройлы еңбек етіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосты. Еңбек жолында іскерлігімен, жауапкершілігімен және адамгершілік қасиеттерімен әріптестерінің де, тұрғындардың да зор құрметіне бөленді.

2019 жылдан осы уақытқа дейін әлеуметтік салада басшылық қызмет атқарып, халықтың осал топтарымен, көпбалалы және аз қамтылған отбасылармен тікелей жұмыс жүргізді. Үлкен жауапкершілік пен парасаттылықты, жанашырлықты талап ететін істі жоғары деңгейде атқара білді.

***Нұргүл Мақсұтқызына атқарған қажырлы еңбегі үшін алғыс білдіре отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасына амандық, бақ- береке тілейміз!***

Жалғасы. Басы 1 - бетте

# ҚАЗАҚСТАН ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ ҚАДАМ БАСТЫ

Дей тұрғанмен, еліміздің реформаларды жүзеге асыруға біржола бет бұрғанын өткен жылдың басты қорытындысы деуге болады. Қазақстан жаңғыру жолында қарышты қадам басып, барынша өркениетті ел бола бастады. Қоғамда өскелең ұрпақтың жарқын болашағы үшін түбегейлі өзгеріс жасау аса маңызды екені туралы нақты түсінік қалыптасты.

АҚШ президенті Трамптың «ақылға сыйымды ой» стратегиясының ықпалымен жаһандану үдерісі кейінге ысырыла бастады. Біз де Қазақстанда әділдік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық сияқты мемлекетіміздің болашағы үшін айрықша маңызды қағидаттарға негізделген қоғам құрып жатырмыз. Ұзақ мерзімге арналған нәтижеге жету үшін бұл жұмыс жаңа жылда екі есе тың қарқынмен жалғасын табады.

**– Былтыр жаңа Салық кодексі қызу талқыға түсті. Жұрттың көкейіне күдік-күмән ұялап, көптеген сауал туындады. Бір жағынан, қажетті экономикалық реформаларды жүргізуге мүмкіндік беретін, екінші жағынан, азаматтардың тұрмыс жағдайын төмендетіп жібермей, таразы басын тең ұстайтын тиімді жол бар ма?**

– Әрине, салық реформасы – өзекті мәселе және бұған қатысты пікірталастардың болуы әбден түсінікті. Дегенмен, ел ішінде дүрбелең туғызып, жұртты дүрліктірудің ешқандай жөні жоқ. Мұндай реформа көптеген елде жүргізіліп жатыр. Мысалы, Ресейде қосымша құн салығы жуырда 22 пайызға дейін көтерілді.

Біздің реформамыз – қатардағы «фискалдық науқан» емес, салық жүйесін қайта құру деген сөз. Алдымызда тұрған басты міндет – экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ету. Үкіметке ашық әрі ұғынықты Салық кодексін әзірлеу тапсырылды. Министрлер кабинетінің бұл тапсырманы қаншалықты табысты орындап шыққанын биыл көретін боламыз.

Бұрынғы Үкімет қосымша құн салығын, тіпті, 20 пайызға дейін көтеруді ұсынды. Олар фискалдық саясатта қателік жіберілгенін ескере отырып, мұндай қадамның өте қажет екенін мойындады. Талқылау барысында қазіргі Үкімет те қосымша құн салығын 20 пайызға дейін көтеруді ұсынды. Алайда, мен Үкіметке оның жоғарғы шегін 4 сатыға төмендету туралы тапсырма бердім.

Жаңа Салық кодексінде бақылау жасауға емес, өзара серіктестік орнатуға баса мән беріледі, яғни, осы үдеріске қатысушылардың бәрі – мемлекет те, бизнес те, азаматтар да өз міндетін адал орындауға тиіс. Бірін-бірі өзара толықтырып тұратын мұндай жүйеде салық төлеу ауыртпалық ретінде қабылданбайтын болады. Түптеп келгенде, салық төлеу дегеніміз – заманауи қоғамдық келісімшарт деген сөз. Салық төлесеңіз – қызмет көрсетіледі, инфрақұрылым салынады, қауіпсіз орта қалыптасады, тың мүмкіндіктер пайда болады. Керек десеңіз, бұл – әділдік болу үшін жүктемені қайта бөлу құралы, әлеуметтік тұрғыдан әлсіздерді қолдау және экономикалық тұрғыдан «белсенді ортаны» одан әрі дамыту тәсілі.

Бүкіл әлемде фискалдық саясаттың тиімділігі оны жүргізудің сапасымен, жұрттың салық жөніндегі сауатымен және қоғамның сана-сезімімен өлшенеді. Салық төлеу мәдениеті дәл осылай қалыптасады. Салық төлеу бұрын міндет болса, енді отаншылдықтың озық үлгісіне айналады. Мұны сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғам құрудың төте жолы деуге болады. Себебі, салығын адал төлейтін азаматтар өз қаржысының алаяқтардың қалтасында кеткенін мүлдем ұнатпасы анық.

**– Экономикалық реформалар тауарлардың бағасы мен қызметтердің тарифіне салмақ салады. Жұрт бұған алаңдап отыр. Сіз Үкіметке осы мәселені шешуге арналған нақты шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырдыңыз. Бұл жұмыс реформаның сапасы мен қарқынына әсер етпей ме? Азаматтарымыз әл-ауқатымызды жақсартады деп күтіп жүрген реформаның нәтижесін жоққа шығармай ма?**

– Әлемдік тәжірибеге қарасақ, реформалар қолға алынған кезде жұртшылық оны көп жағдайда түсінбей, қабылдамай жатады. Ондай кезде барлық жауапкершілікті арқалай алатын көшбасшының рөлі айрықша. Мен Мемлекет басшысы ретінде осындай жауапкершілікті өз мойныма аламын. Болашақта да бұған дайынмын. Менімен бірге жұмыс істеп жатқан азаматтар мұны жақсы біледі. Әрине, бұл кедергісі көп, қиын жол екенін түсінемін. Тарихта реформаторлардан гөрі басқыншылар мен популистердің аты көбірек қалып жатады. Бірақ, Қазақстан үшін басқа жол жоқ. Біз бір жерде тоқтап қалмай, алға қарай нық қадам басу үшін реформаларды қалайда жүзеге асыруымыз керек.

Азаматтарымызға зияны тимеуі үшін қыс мезгілінде тарифтерді өсіру әкімшілік тәсілдер арқылы уақытша тоқтатылды. Сонымен бірге, Үкіметке бюджет қаржысын барынша тиімді пайдалану міндеті жүктелді. Экономикаға ақшаны орынсыз құя беруге болмайды, бұл инфляцияны күшейтіп жібереді. Қатаң бюджеттік тәртіп керек. Қаржы ресурстары мемлекетке қажетті жобаларға ғана жұмсалуға тиіс. Былтыр қараша айында Үкімет, Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бірлесіп, үш жылдық бағдарлама қабылдады. Құжат азаматтардың әл-ауқатын жақсарту үшін инфляцияны төмендетуге арналған.

Халықаралық сарапшылар Қазақстанның «орташа табыстар қақпанына» түсіп қалғанын дұрыс байқап отыр. Ашығын айтайын, бұл – экономика туралы оқулықтан алынған жалпылама ұғым емес, күн сайын көптеген азаматымыздың басынан өтіп жатқан өмір шындығы. Жұрт табыс тауып жатыр, тіпті, жақсы табыс табатындар да бар. Бірақ, оның бәрін инфляция жеп қояды немесе ипотека төлеу, балаларды оқыту, ата-анаға көмектесу сияқты күнделікті тірлікке жұмсалып, жоқ болып кетеді. Ауырып қалу немесе жұмыстан айырылу секілді кез келген көлденең кедергі тұрмыстағы тұрақтылықты бұзып жіберуі мүмкін.

Мен кезінде баспана алу, балалардың оқу ақысын төлеу, емделу үшін зейнетақы жинағын пайдалануға рұқсат беру туралы шешім қабылдадым. Көбісі солай жасады, бұл шешімге ризашылықтарын да білдіріп жатты. Бірақ, әдеттегідей, стоматология қызметін көрсетеміз деген желеумен зейнетақы қорынан 200 миллиард теңгеден астам қаржы жымқырған алаяқтар да табылды. Құқық қорғау органдары қазір бұл мәселемен айналысып жатыр. Осы медициналық қызмет түріне зейнетақы жинағын пайдалануға тыйым салуға тура келді. Бірақ, басқа да қитұрқы тәсілдер пайда болды, тіпті, пластикалық отаға төлем жасайтындар бар.

Ал, бизнес өкілдеріне келер болсақ, олар жұмыс орындарын ашып, салықтарын адал төлейді. Алайда, несие өсімінің жоғары болуы, айналымдағы қаражаттың аздығы олардың кең ауқымда дамуына, жаңа нарықтарға шығуына, заманауи технологияларды енгізуіне мүмкіндік бермей тұр.

Экономиканың құрылымы өзгеріп жатыр. Дегенмен, меніңше, өзгеріс қарқыны баяу. Халықаралық қаржы институттары мен рейтинг агенттіктерінің бағалауынша, елімізді бақуатты, тіпті, бай мемлекет деп атауға болады. Бұл сөздің жаны бар. Соған қарамастан, экономикамызда теңсіздіктер әлі де сақталып отыр. Оның бәрін шұғыл реттеп, түзу жолға салуымыз керек. Біз бұл жағдайды білеміз, оны жұрттан жасыратын ойымыз жоқ. Мұндай қиындықты көптеген мемлекет басынан өткеріп жатыр. Біз «өсім ауруы» мәселесін міндетті түрде шешеміз. Нақты жоспарымыз бар.

– Қазақстан былтыр энергетикалық және коммуналдық секторда реформа жасауға кірісті. Бұл – Тәуелсіздік жылдарындағы ең ауқымды реформа. Осы бағыттағы жұмыстар әбден тозған инфрақұрылымды жаңғырту мәселесін шеше ала ма?

– Шынымен де, Үкімет энергетикалық және коммуналдық нысандарды жаппай жаңғырту жұмыстарын қолға алды. Ұзындығы жүздеген шақырым болатын инженерлік желілер мен электр қуатын тарататын желілер салуымыз керек. Бүгінгі таңда осы ауқымды жобаның есеп-қисабы әзірленіп жатыр.

Қазірдің өзінде қауіпті «қызыл» аймақта тұрған жылу электр станцияларының саны 19-дан 10-ға дейін азайды. Қабылданған шаралардың нәтижесі көріне бастады. Нысандардың апаттық жағдайға тап болу қаупі сейіліп келеді.

Дегенмен, әбден тозып, әупіріммен әрең тұрған инфрақұрылымды қалпына келтіру жеткіліксіз, жұмыс тәсілін өзгерту керек. Сондықтан, жаңғырту шаралары ең басты міндетті шешуге тиіс, яғни, салаға инвестиция салу үшін қолайлы жағдай жасап, нағыз нарықтық тетіктер қалыптастыруы қажет.

Үкіметтің шұғыл шаралары мәселенің түпкі мәнінен туындап отыр. Себебі, энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы кез келген мемлекеттің өмір сүруіне аса қажетті тұғыр саналады. Бұл негіз шайқалса, басқасы түгел күйрейді.

Тамыры тереңге кеткен экономикалық мәселелерге ондаған жылдар бойы назар аударылған жоқ. Қалалар мен ауылдардағы инфрақұрылым тозды, энергетика нысандары мен коммуналдық желілер әбден ескірді.

Қордаланған түйткілдер күрмеуі қиын күрделі мәселеге ұласты. Бұл сала жыртық-тесігін жанталаса жамап-жасқап, бюджет қаржысын үздіксіз құюға тура келетін «коммуналдық аждаһаға» айналды. Бұған жұрттың еті үйреніп, азаматтар шарасыз күйге түсті.

Соған қарамастан, біздің үкіметтеріміз «авгийдің атқорасын» тазалауға асыққан жоқ. Себебі, мұндай күрделі жұмыс ешкімге жақсы атақ әкелмес еді. Ең дамыған отыз мемлекеттің қатарына қосылу сияқты «керемет» бағдарламалар әзірлеп, оның «табысты» орындалғаны туралы баяндау әлдеқайда жеңіл болатын. Шындықты жасырып, бір сәттік алдамшы жетістіктерге ұмтылу ақырында мемлекетіміз үшін тым қымбатқа түсті.

Шынымды айтайын, жеке абыройымды ойласам, мен де бұл жұмысты келесі басшылыққа ысыра салар едім. Бірақ, халықтың көзі үйренген таптаурын түсініктерге қайшы келсе де, мен үшін қағаз жүзінде емес, іс жүзінде нақты нәтижеге қол жеткізу бәрінен де маңызды.

**Электр қуатының арзандығы кімге тиімді болды? Табысы шамалы көп балалы отбасыларға емес, ірі кәсіпорындарға өте тиімді болды.**

Арзан жанар-жағармайдың қызығын кім көрді? Әдетте қоғамдық көлікпен жүретін студенттер мен зейнеткерлер емес, билікке жақын жүретін, қазір жұрт олигархтар немесе олигополия деп атайтын кәсіпкерлер көрді.

Коммуналдық қызметтердің тарифін төмен ұстап тұру кімге ыңғайлы болды? Әр түбіртектегі соманы уақтылы төлеп отырған адал азаматтарға емес, «коммуналдық былық-шылықты» пайдаланып, қалтасын қалыңдатқан делдал-кәсіпкерлерге қолайлы болды.

Посткеңестік кеңістіктегі ең төмен бағалар мен тарифтер Қазақстанға тиесілі. Соның салдарынан, біз амалсыздан арзан жанар-жағармайды көрші мемлекеттерге астыртын тасымалдайтын, сол арқылы олардың экономикасына демеу көрсететін елге айналдық.

Сол себепті, тарифтің төмен болуы қарапайым тірлік кешіп жатқан адамдарға пайдалы деген жалған сенімнен арылатын уақыт жетті. Іс жүзінде бұл – ауқатты азаматтарға жасырын түрде берілетін субсидия.

Әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру үшін, ең алдымен, мәселені шешу жолдарын өзгерту қажет. Мемлекет көмекке шын мұқтаж адамдарға ғана тікелей, атаулы өтемақы төлеу арқылы қолдау көрсетуге міндетті. Сондықтан, тарифтерді көтеру – ақылға қонымды, яғни тиімді және әділ экономика құру үшін аса қажет қадам. Кім қанша тұтынса, сонша төлейді, қолдауға шынымен зәру адамдарға ғана көмек беріледі. Тарифтер әділетті болуы керек, яғни «неғұрлым көп тұтынған, соғұрлым көп төлейді» деген қағидат берік орнығуға тиіс. Мен осындай нақты міндет қойып отырмын. Алғашқы оң нәтижелер бар. Төлем жүйесіне сараланған тәсіл енгізілді. Суды және электр қуатын барынша үнемдеп пайдаланатын тұрғындар «тұтынудың әлеуметтік нормасына» сәйкес төлемді ең төмен тарифпен төлейтін болды.

Бұл қадам бұрынғы жүйеден бас тартып, әлеуметтік игіліктерді әділ бөлетін жүйе құруға мүмкіндік береді. Елдің ресурстарын таңдаулы адамдар емес, барша жұрт бірдей пайдалануға тиіс. Сонда ғана заманға сай инфрақұрылым мен тиімді энергетика жүйесін қалыптастыра аламыз. Осылайша, экономиканың сапалық тұрғыдан өсуіне зор серпін береміз.

**– Сіз Қазақстан үшін көлік және логистика саласының маңызы артып келе жатқанын жиі айтасыз. Бұл бағыттағы жұмысты негізгі басымдық ретінде белгілеп бердіңіз. Осы саланы дамыту үшін қандай шаралар қабылданды және алда қандай жоспарлар бар?**

– Еліміз үшін көлік-логистика саласының әлеуетін арттыру – стратегиялық маңызы бар міндет. Теңізге тікелей шығатын жолы болмаса да, Қазақстан Еуразия құрлығының кіндік тұсында, яғни негізгі транзиттік күре жолдар тоғысқан жерде орналасқан. Бұл – үлкен артықшылық, біз оны ел игілігіне жарата білуге тиіспіз. Мақсат-мүддемізге сәйкес Қазақстанды Еуразияның көлік айлағы (хабы) ретінде қалыптастыру – бұл салада атқарылатын жұмыстың басты бағыты.

Осы орайда, жақында іске қосылған «Достық – Мойынты» жаңа теміржол магистралінің мән-маңызын атап өткім келеді. Бұл жоба осы жол арқылы Қытай мен Еуропа арасында тасымалданатын жүк көлемін бес есе арттыруға мүмкіндік береді. «Мойынты – Қызылжар», «Бақты – Аягөз», «Дарбаза – Мақтаарал» теміржол желілерін жаңадан іске қосу жоспарымызда тұр. Жалпы, 2030 жылға дейін 5 мың шақырым теміржолды салып, жаңғырту және 11 мың шақырым теміржолды жөндеу көзделіп отыр.

Елорда мен батыс аймақтардың арасындағы қашықтықты 500-ден астам шақырымға қысқартатын «Орталық – Батыс» күре жолы құрылысының стратегиялық маңызы өте зор.

Біз ел шекарасынан тыс жерді де қамтитын кең ауқымды көлік жүйесін құра алдық. Қазақстан мұхит жолдарынан тысқары тұрса да, Сары теңіз бен Қара теңіздің арасында жүк терминалдарының желісін қалыптастырды. Еліміздің аумағы арқылы өтетін 12 халықаралық көлік дәлізі, атап айтқанда, 5 темір жол, 7 автокөлік дәлізі бар. Қытай мен Еуропа арасында құрлықпен жеткізілетін жүктің шамамен 85 пайызы осы жолдармен тасымалданады.

Әрине, мұның бәрі – табысқа оп-оңай жете қоямыз деген сөз емес. Бұл саладағы бәсеке күшейіп келеді. Себебі көлік және логистика мәселесі геосаясаттың ажырамас бөлігіне айналды. Осы тақырып жоғары деңгейдегі келіссөздердің күн тәртібіне біржола енді. Сондықтан, Қазақстан үшін де оның айрықша маңызы бар.

Еліміз Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» атты мегажобасын, «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін және Транскаспий көлік бағытын, яғни, «Орта дәлізді» дамытуға белсене атсалысып келеді. «Ресей – Қазақстан – Түрікменстан – Иран» бағытымен теңіз айлақтарына шығып, жүк тасымалдаудың болашағы зор деп санаймыз. «Орта дәліздің» жұмысына Қытайдың қосылуын құптаймыз.

Жалпы, бұл саланың әлеуеті өте жоғары. Мұнда тек инфрақұрылым туралы сөз болып отырған жоқ. Экономиканың барлық дерлік секторы осы іргелі салаға келіп тоғысады. Сондықтан, Үкіметтің алдына заманауи инженерлік және сервистік инфрақұрылымы бар көлік-логистика тораптарын салу, теңіз порттарын, әуежайлар мен теміржол вокзалдарын жаңғыртып жөндеу, сондай-ақ тиімді цифрлық экожүйе қалыптастыру міндеті қойылды.

**– Мемлекет кейінгі жылдары ауыл шаруашылығын дамытуға баса мән беріп отыр. Бұл шаруамен үкіметтердің бәрі айналысты. Бірақ, осы аса маңызды саладағы түйткілдер ақыры шешімін тапқан жоқ. Әр министр өз бағдарламасын жүзеге асырмақ болды. Соның салдарынан қыруар ақша құмға сіңіп жоқ болды. Енді біз еліміздің бұл саладағы әлеуетін ойдағыдай пайдалана аламыз ба?**

– Мемлекеттердің көбі ауыл шаруашылығына бюджеттен қыруар қаржы бөледі. Солардың қатарында Қазақстан да бар. Шаруаларға 2024 жылы 580 миллиард теңге, былтыр 1 триллион теңге жеңілдетілген несие берілді. Бұл – өте қомақты қаржы. Соңғы он жылда шаруаларға көрсетілген қолдаудың көлемі 10 есе артты, бірақ оның тиімділігі күмән тудырады. 2015-2024 жылдары ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі 2,5 еседен астам өсті. Бұл көрсеткішті одан да көбейтуге болар еді.

Есесіне, егін шаруашылығындағы нәтижелер өте жақсы болды. Астық пен ұн экспорты рекордтық деңгейге жетті, өнім жеткізілетін елдердің географиясы кеңейе түсті. Бұл – егіннің шығымдылығы мен ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруға арналған шаралардың нақты нәтижесі.

Енді басқа бағыттардағы жұмысты күшейту қажет. Ең алдымен, мал шаруашылығын дамыту керек. 2035 жылға қарай әлемде мал етін тұтыну көлемі 233 миллион тоннаға дейін өседі. Соған сәйкес, оның импорты 27 миллион тоннаға дейін артады. Қазақстанның, сыртқа, әсіресе, Азия елдеріне ет шығаратын ірі экспорттаушыға айналатын мүмкіндігі бар. Сондықтан, былтыр қарашада өткен Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумы дәл осы мал шаруашылығы саласына арналды.

Билік ауыл шаруашылығын сапалық тұрғыдан дамыту үшін көп жұмыс істеп жатыр. Бірақ, қомақты инвестиция құю қалаған нәтижеге жеткізе бермейді. Оның тиімді жұмсалуына баса назар аудару керек. Мен бұл туралы жуырда Таразға барған сапарымда айттым.

Іргелес елдердің бірде-біреуінде ауыл шаруашылығына мемлекет тарапынан мұндай ауқымды көмек көрсетілмейді. Ол жақтағы шаруалар Қазақстандағы әріптестеріне жақсы жағдай жасалғанына таңғалып, оларды «аграрлық олигархтар» деп атай бастады. Дегенмен, еліміздегі шағын шаруашылықтар жеткілікті көлемде субсидия ала алмай отыр. Үкіметке осы мәселеге айрықша назар аудару туралы тапсырма берілді.

Әлбетте, субсидиялар керек. Әсіресе, қазіргі кезеңде өте қажет. Бірақ, мұның кері әсері де бар. Себебі, масылдық

пиғыл туғызып, ауыл шаруашылығына қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан, қазір Үкімет кооперативтерге, яғни шаруалар бірлестігін құруға қайта оралу мәселесін қарастырып жатыр. Кооперативтер еңбек өнімділігін және ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыра алады. Сондай-ақ, дайын өнімді сататын нарықтарға жақын болуға, тұтынушылармен ұзақ мерзімге арналған қарым-қатынас орнатуға жол ашады.

Дамыған елдердегі кооперация жақсы қырынан көрінді. Тіпті, ірі корпорация деңгейіне жеткен бірлестіктер бар. Қазақстанның барлық ауылында табысты кооперация құруға негіз болатын алғышарттар жеткілікті. Шаруалар жазда малын бағып, сүт, ет, тері, жүн жинап, оны өңдеу үшін күш біріктіре алады. Солай етуге тиіс те. Күнкөрістен өсіп-өркендеуге бастайтын жол – осы. Кооперацияны бірлік пен жасампаздық идеологиясы деп те қарастырған дұрыс.

Бірақ, кооперация өзінен өзі пайда бола салмайды. Ел ішінде егжей-тегжейлі түсіндіру және ұйымдастыру жұмыстарын қолға алу қажет. Алайда, бірлестік құру ісін науқанға айналдырып, жұртқа қысым көрсетуге, оларды мәжбүрлеуге жол берілмейді.

**– Жиі талқыланатын тақырыптың бірі – туризм. Былтыр әлемдік деңгейдегі кейбір ақпарат құралдары Қазақстанды саяхат жасауға ең лайық елдердің қатарына қосты. Дегенмен, еліміздегі курорттар мен танымал туристік орындардың жаппай қонақ күтуге дайындығына күмән жоқ емес.**

– Мұндай күмәннің туындауы заңды. Мен Үкіметке ескерту жасағаннан кейін туризмді дамыту жұмыстары жандана түсті. Алайда, алдымызда ұзақ та күрделі жол тұр. Бұл – экономика, мәдениет, қауіпсіздік және бизнес – барлығы бір жерге тоғысатын күрделі сала. Мұнда өз жұмысына жан-тәнімен берілген кәсіби мамандар, ең бастысы, нағыз отаншыл азаматтар жұмыс істеуі керек. Туризм саласында жалқаулық пен немқұрайлылыққа, ашкөздік пен дөрекілікке жол жоқ.

Былтыр Қазақстанға миллиондаған шетел азаматы келді. Ішкі туризм қарқынды дами бастады. Мұның бәрі – өте жақсы үрдіс.

Әлем елдері туристерді тарту үшін жеке инвесторларға қолайлы жағдай жасап отыр. Біздің елде көрікті жерлер өте көп. Қазір экотуризмге деген сұраныс жоғары. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанға тең келетін ел жоқ секілді көрінеді. Алайда, белгілі бір себептерге байланысты, соның ішінде жауапты тұлғалардың біліксіздігі мен немқұрайлығының кесірінен туризмнің болашағы зор осы бір саласы әлі күнге дейін кенже қалып отыр. Әзірге таныстыру, яғни презентация жұмыстарынан әрі аса алмай жатырмыз.

Туризмнің дамуына тұмса табиғатты қорғау деген желеумен кез келген жобаға қарсы науқан ұйымдастыратын кейбір «эко-белсенділер» зиян келтіріп отыр. Көпшілігінің табиғатта

шаруасы да жоқ. Олар өзінің танымалдығын арттыру үшін қоғамды дүрліктіруді, қазіргі тілмен айтқанда, «хайп» жасауды ғана көздейді. Туризм бизнесінде әбден әккі болған, бәсекелестердің шыққанын қаламайтын кәсіпкерлер кейде олардың қолтығына су бүркіп отырады.

Тау шаңғысы туризміне қатысты жағдай да осыған ұқсас. «Шымбұлақ» Алматы қаласының орталығынан небәрі жарты сағаттық жердегі ерекше табиғаттың ортасында тұр. Әлемде оған тең келетін демалыс орны кемде-кем. Алайда, көптен бері ештеңе жасалмаған курорттың сыны да, сыры да кетіп, тозып барады. Табиғаттың тамаша тартуы саналатын осы көрікті мекенді дамыту үшін тың тәсілдер қажет. Қазір еліміздегі тәжірибелі девелоперлік компания іске кірісті. Бірақ, Үкімет пен әкімдіктің қолдауына қарамастан, жұмыс барысы дайындық және таныстыру шараларынан аса қойған жоқ. Ал, көрші елдерде тау шаңғысы инфрақұрылымы қарқынды салынып жатыр.

Алматы тау кластерінің әлеуеті өте зор. Бұл салада ауқатты адамдарға да, орташа табысы бар азаматтарға да бірдей қызмет көрсетілуге тиіс. Сондықтан, ондағы туристік инфрақұрылымды әртараптандыру мәселесіне назар аудару қажет.

Туризм саласындағы кадр тапшылығы – өте өзекті мәселе. Сондықтан, Түркістанда Халықаралық туризм және меймандостық университеті ашылды. 2024 жылы оқу ордасының алғашқы түлектері дипломдарын алып, еңбек нарығына қосылды. Алайда, бұл – жеткіліксіз. Кадр мәселесін шешу үшін қосымша шаралар қабылданады.

Дегенмен, салымыз суға кетіп, еңсемізді түсіріп отыруға да болмайды. Әлемдік деңгейдегі таблоидтар саяхатшыларға Қазақстанда демалуды ұсынып жатса, екі есе қарқынмен жұмыс істеуіміз керек. «CNN Travel» 2025 жылы Алматыны Орталық Азиядағы «сәні мен салтанаты жарасқан жаңа астана» деп атады. Алматы әкіміне шаһарды күндіз-түні қонағы үзілмейтін Нью-Йорк, Мәскеу, Париж сияқты «ешқашан көз ілмейтін қалаға» айналдыру тапсырылды. Қалада инфрақұрылымды жақсарту, абаттандыру, жарықтандыру бағытында әлі де көп жұмыс істелуі керек.

**– Жасанды интеллектінің дамуы туралы сұрағым келеді. Сіз халыққа Жолдауыңызда Қазақстанды үш жылдың ішінде цифрлық елге айналдыру қажет деген нақты міндет жүктедіңіз. Ал, жаңа жылға арналған құттықтау сөзіңізде 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияладыңыз. Көздеген мақсатқа жету үшін не істеледі? Бастамаңыздың шын мәнінде табысты боларына сенесіз бе?**

– Қазақстан цифрлық державаға айналуы керек. Бұл – қазіргі жаңа технология дәуірінде өркениетті ел болып қалудың бірден-бір жолы. Халқымыздың ой-санасы мұндай инновацияларға дайын екеніне сенімдімін. Оның үстіне, Қазақстанда азаматтарымыздың өмір салтын едәуір өзгерткен танымал финтех компаниялар табысты жұмыс істеп жатыр.

Технология саласындағы нағыз әлемдік алпауыттар – АҚШ пен Қытай арасындағы бәсеке қыза түсті. Америка басшысы АҚШ-тың үстемдігін нығайту үшін арнайы бағдарлама жүзеге асырыла бастағанын мәлімдеді. Қытайдың да шегінетін ойы жоқ, олар мұны ұлттың абырой-беделіне қатысты мәселе деп санайды. Қазірдің өзінде Қытайда жасанды интеллект мәселесімен айналысатын бес мыңға жуық компания жұмыс істеп жатыр. Басқа дамыған мемлекеттер де қамсыз отырған жоқ.

Қазақстан да экономика мен қоғамдық өмірге жасанды интеллектіні енгізуге басымдық беріп жатыр. Еліміздің бұл жұмысқа қатысты бастапқы мүмкіндіктері жаман емес. Мемлекет көрсететін қызметтерді, қаржы технологияларын, экономиканың бірқатар секторын цифрландыру ісінде нақты жетістіктеріміз бар. IT-стартаптарды қолдайтын толыққанды экожүйе тиімді жұмыс істеп тұр. Екі мың компанияның басын қосқан Astana Hub инновациялық кластері де бар. 2025 жылы IT-қызметтердің жалпы экспорты бір миллиард долларға жуықтады. Цифрлық активтерге арналған CryptoCity пилоттық аймағы құрылып жатыр. Жедел дамитын Alatau city қаласының құрылысы басталды. Мемлекеттік деректерді жинау және талдау жұмысының қарқыны күшейіп келеді. Кәсіби мамандар мұндай деректерді алдағы дәуірдің жаңа алтыны деп санайды.

Былтыр мамыр айында Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңес жұмысын бастады. Оған шетелдің және еліміздің беделді сарапшылары шақырылды. Қарашада «Жасанды интеллект туралы» заңға қол қойылды, жаңа заң жақында күшіне енеді. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды. Alem.Cloud және Al-Farabium деп аталатын екі суперкомпьютер іске қосылды, Астана әкімдігі Біріккен Араб Әмірліктерінің танымал компаниясымен бірлесіп, дербес платформа құрды.

Кәсіби кадрларды даярлау үшін мектептер мен университеттерде тиісті білім беру бағдарламалары жүзеге асырылып жатыр. Мәселен, 650 мыңнан астам студент Al-Sana бағдарламасы аясында білім алды. Көп ұзамай Жасанды интеллект мамандандырылған зерттеу университеті ашылады.

Жасанды интеллект пайда болғаннан бері болашақтың кемесіне мініп үлгеретін елдер мен ескі заманда қалып қоятын елдердің арасы алшақтай бастады. Сондықтан, мен цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні Қазақстанның даму жолындағы басым бағыт деп жарияладым. Биыл өте көп шаруа атқарылады. Осы айрықша маңызды жұмыстың табысты боларына сенемін.

**– Сіздің стратегиялық жоспарларыңыздағы ядролық энергетиканың орны қандай?**

– Сенімді энергия көзі болмаса, Қазақстан экономиканың жаңа технологиялық үлгісіне көше алмайтынын түсінуіміз керек. Суперкомпьютерлерге, дата-орталықтар мен автоматтандырылған өндіріс кешендеріне өте көп энергия қажет. Бұл – жаңа жаһандық технологиялық құрылыстың басты талабы.

Қуат көздерін салу үшін білікті мамандар керек. Капитал қоры шамамен 4,5 триллион доллар болатын әлемдегі ең ірі компания – NVIDIA-ның басшысы жақында «көк жағалылар», яғни техникалық мамандық иелері мультимиллионерлер қатарына қосылады деп болжам жасады.

Бірнеше атом станциясын салу – біріншіден, тарихи олқылықтың орнын толтыру деген сөз. Себебі, уран өндірісі бойынша әлемде көш бастап тұрған елдің бірде-бір атом электр станциясын салмауы мүлдем ақылға қонбайды. Екіншіден, бұл қадам Қазақстанның абырой-беделін нығайта түседі. Біз атом станцияларын салу арқылы техникалық интеллигенцияның жаңа буынын қалыптастырамыз. Тиісінше, мемлекеттік саясаттың түпкі мәнін өзгертеміз. Осыны қаперден шығармаған жөн.

Тағы бір өте маңызды тақырып – жер қойнауында сирек кездесетін металдар. Болашақта ондай материалдарға деген сұраныс арта береді, алдағы бес жылдың өзінде бұл сұраныс екі есе өседі. Осы ретте, Қазақстан үшін тағы бір мүмкіндік ашылады. Еліміз жер қойнауында сирек кездесетін минералдар қоры бойынша әлемдік көшбасшылар қатарына қосылуы әбден мүмкін. Қазақстан стратегиялық маңызы бар осы саладағы өз рөлін күшейту үшін АҚШ, Қытай, Ресей, Оңтүстік Корея, Жапония елдерімен және Еуропа Одағының бірқатар мемлекетімен ынтымақтастығын дамыта бастады.

**– Тағы бір тақырыпқа ойыссақ. Жұртты бұрыннан толғандырып жүрген мәселелер бар. Мысалы, кейбір ірі бизнес өкілдерінің өмірі сән-салтанатқа толы. Олар қалталы азаматтардың да, қарапайым адамдардың да қамын ойлап өмір сүруді қашан үйренеді?**

– Бизнес – кез келген елдегі экономиканың негізгі тірегі. Біз ұзақ жолды жүріп өттік. Осы жолда жұрт жеке меншік институтына ешкім қол сұқпауға тиіс екенін түсіне бастады.

Мен мемлекеттік билік жүйесінде жоғары лауазымды қызметтерді атқара жүріп, сөзбен де, іспен де ұлттық буржуазияның заңды мүддесін қорғауға тырыстым. Себебі, экономиканы өркендету және мемлекеттің қоғамдық негіздерін нығайту ісінде кәсіпкерлер елеулі рөл атқаратынын жақсы түсінемін.

Тарихи себептер мен ұлт болмысындағы ерекшеліктерге байланысты ірі бизнесмендеріміз қарапайымдылық, ұстамдылық сияқты қасиеттерге мән бере қоймайтыны рас.

Мен Швейцарияда жұмыс істеп жүргенде аса ірі әрі белгілі кәсіпкерлермен кездесулер өткіздім. Сол кезде олардың өз қаражатын өте үнемдеп жұмсайтынын және елден дараланып көзге түскісі келмейтінін көріп, таңғалдым. Миллиардтаған қаржысы бар адамдар қонақүйдің қарапайым бір бөлмесінде тұруға намыстанбайды. Жеке ұшақпен ұшпақ түгілі, бірінші санаттағы орындарға да отырмайды. Бірақ, бұл – олардың бойында ғасырлар бойы қалыптасқан дағды.

Ал, біздің кәсіпкерлеріміз үшін қалыпты көрінетін өмір салты кейде қоғамның наразылығын тудырып жатады. Мұндай жағдай көптеген елде бар. Сол үшін де қайырымдылық қызметі жұмыс істейді. Бұл – қоғам мен бизнес арасындағы өзара келісім іспеттес.

– Сіз Республика күні қарсаңында өткен азаматтарды мемлекеттік наградалармен марапаттау рәсімінен кейін кәсіпкерлермен жеке кездесіп, оларға наразылығыңызды ашық айттыңыз деп естідік. Құпия болмаса, әңгіме не туралы болды?

– Жаңа ғана сөз болған қайырымдылық туралы, отаншылдықты жасампаз іспен көрсету жөнінде сөйлестік. Бізге халық алдындағы жауапкершілігін жақсы білетін әрі соны терең түсінетін ұлттық буржуазия керек.

Себебі, халық болмаса, олар ешқашан табысқа жете алмас еді. Мен қоғамның игілігіне қызмет ету билік жүктеген міндет емес, мәртебелі парыз екенін тағы да олардың есіне салдым. Осы орайда, шетелде табысқа жетсе де, туған жерін ұмытпай, халқына көмектесіп жүрген ірі кәсіпкерлерді жақсы үлгі ретінде атап өттім. Ондай азаматтар ауқымды жобаларды жүзеге асырып жүр. Қалаларда инфрақұрылым салып, жөндеп, мұражайлардың, емханалар мен мектептердің құрылысын қаржыландырып жатыр.

Қазақстанда көп нәрсе өзгерді. Қоғамдық сана жаңғыра түсті, мемлекеттік басқару жүйесі жаңарды, саяси қайраткерлер ауысты. Ірі кәсіпкерлер ғана жүрісінен жаңылмай, бәз-баяғы қалпында келе жатыр. Бірақ, бұл, бір жағынан, биліктің бизнеске көзқарасы дұрыс екенін көрсетеді.

Кәсіпкерлердің бәрі бірдей мемлекеттің қолдауын дұрыс түсіне бермейді, әрдайым солай болуға тиіс деп қабылдайды.

Олар ауқымды жобаларды бастап алып, қит етсе Үкіметтен көмек сұрайды. Мен оларға «бизнеспен айналысып жатқан сіздер ме, әлде Үкімет пе?» деп сұрақ қойдым.

Қитұрқы саяси ойындармен әуестеніп кеткен кейбір кәсіпкерлерді сынауға тура келді. Бизнесмендер ел экономикасын өркендету үшін жұмыс істеуі керек. Тіпті, кәсіптің жілігін шағып, майын ішкен Илон Масктің өзі саясатқа белсенді араласпау туралы шешім қабылдады.

Отандық бизнес өкілдері тарихымызда бұрын-соңды болмаған алапат тасқын кезінде елдік істен шет қалған жоқ, апат салдарын жоюға қаржылай көмек көрсетті. Бұл – қуанарлық жағдай.

Мен қайырымдылықпен айналысып жүрген азаматтарды қолдау үшін арнайы «Мейірім» орденін енгіздім. Елге жанашырлық көрсетіп, әлеуметтік жауапкершілік танытқан кәсіпкерлер биылдан бастап осы жоғары наградаға ие болады. Осылайша, олардың қоғам алдындағы абырой-беделі мен мәртебесі айқындалады.

**– Тағы бір өзекті тақырып. Қаңтар оқиғасына қатысқан бірқатар азаматқа байланысты сот процесі туралы ақпарат БАҚ беттерінде былтыр ара-тұра жарияланып тұрды. Тергеу амалдары әлі жүріп жатыр ма?**

– Бұл тақырыпқа қатысты негізгі мән-жайдың бәрі әлдеқашан белгілі болды. Сол оқиғалар бойынша тергеу жүргізу кезінде құқық қорғау органдары азаматтық қоғам өкілдерімен тығыз байланыста жұмыс істеді. Бірқатар қоғамдық комиссия құрылып, оған белгілі заңгерлер жетекшілік етті. Мұндай қадам жұмыстың бейтарап ұстаныммен жүргізілуіне, сол арқылы барлық оқиғаның ақ-қарасын анықтауға мүмкіндік берді. Осы орайда, азаматтық жауапкершілік танытып, кәсіби біліктілігін көрсеткені үшін оларға ризашылығымды білдіргім келеді.

2022 жылдың наурыз айында Парламентте арнайы қоғамдық тыңдау өтіп, бұл оқиғаға және еліміздің конституциялық құрылымын бұзбақ болған қылмыскерлердің әрекетіне егжей-тегжейлі баға берілді.

Иә, кейбір сот процестері, сондай-ақ, қаңтарда ұрланған көптеген қаруды іздестіру жұмыстары әлі жалғасып жатыр. Сол күндері қылмыскерлер үш мыңнан астам қару-жарақты иемденіп кеткен еді. Бірақ күштік құрылымдардың арқасында қару-жарақ жасырылған қоймалардың көбі табылды.

Қаңтар оқиғасын талқылайтындар көбінесе сол кездегі дағдарыстың түпкі мәнін түсінуге еш пайдасы жоқ дүниелерді қазбалап кетеді. Сол үшін оларды кінәлауға да болмас. Дегенмен, ақиқат жолында ешқашан қызбалыққа салынбау керек. Алматыдағы аласапыран туралы жиі айтылып жатады, мұны түсінуге де болады. Бірақ, зұлымның сиқырлы таяқшасымен жасалғандай адам сенгісіз жағдайлар болғанын да естен шығармау керек. Нақтырақ айтқанда, бүлікті ұйымдастырушылардың әмірімен бір мезетте он екі қалада жаппай тәртіпсіздік белең алды. Оның арты қаскөйлердің көптеген облыс әкімдіктері мен құқық қорғау органдарының ғимараттарын басып алуына әкеп соқтырды.

«Төңкеріс» жасауға әбден машықтанған мамандардың жетекшілігімен тәртіпсіздікті ұйымдастырушылар Үкіметтің жанар-жағармай бағасын өсіру туралы шешімін желеу етіп, адамдарды жаппай шеруге шығуға итермеледі. Сосын азаматтардың, мемлекеттік қызметшілердің, бір таңғаларлығы, күштік құрылым қызметкерлерінің едәуір бөлігінің арасында дүрбелең туғызды. Олар қару-жарақ пен құпия құжаттарды қараусыз қалдырып, жұмыс орындарын тастап, кете бастады. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Ішкі істер министрлігінің кейбір басшылары сын сағатта Отан алдындағы адалдығын сақтап қала алмады, кәсіби деңгейі де төмен екенін көрсетті.

Осындай жағдай, әсіресе, бүлікшілердің басты нысанасы болған Алматыда анық байқалды. Әскери қызметшілер мен қала тұрғындары қатты қорлыққа ұшырады. Әкімшілік ғимараттар, сауда орталықтары, дүкендер мен банктер қирап, өртке оранып, тоналып жатты. Мұндай жүгенсіздікке қарсы төтенше шаралар қабылдау қажет болды. Қазір, арада біраз уақыт өткен соң, пиғылы арам әрі сана-сезімі таяз кейбір адамдар мемлекетіміздің елді құрдымға жібере жаздаған сұмдық берекесіздіктен аман қалғаны жайлы әңгімені әдейі айналып өтіп, қасақана ойына келгенді айтып жүр.

**– Қаңтар оқиғасынан кейін сіз олигополияға қарсы күресті қолға алып, заңсыз иемденген активтерді мемлекетке қайтару жөнінде бастама көтердіңіз. Сол үшін Бас прокуратураның жанынан арнайы комитет құрылды. Бірақ, былтырғы Жолдауыңызда бұл құрылымның атауын Инвесторлардың құқығын қорғау жөніндегі комитет деп өзгерту туралы тапсырма бердіңіз. Жұрт бұл шешімді жете түсініңкіремей отыр. Мұндай қадам заңсыз активтерді елге қайтару тақырыбы осымен жабылды дегенді білдіре ме?**

– Әрине, жоқ. Бас прокуратураның мәліметтеріне тоқталып өтейін. Заңсыз активтерді елге қайтару жөніндегі комитет үлкен жұмыс атқарып, олигопо-

лия өкілдерінен 1,3 триллион теңгеден астам қаржы өндіріп алды. Соның 1 триллион теңгеден астамы мемлекет қазынасына түсті. Арнайы мемлекеттік қордағы қаражат есебінен елімізде жалпы құны 482 миллиард теңге болатын 434 әлеуметтік және коммуналдық нысан салынып жатыр. Оның қатарында 227 сумен қамтамасыз ету, 183 денсаулық сақтау, 11 білім беру, 5 спорт, 8 инфрақұрылым нысанының құрылысы бар. Сондай-ақ, Павлодар, Арқалық, Балқаш қалаларындағы әуежайлар жаңғыртылып жатыр.

Жұмыс жалғаса береді. Активтерді сараптап, оның заңдылығын анықтау құзырлы органдардың күнделікті қызметінің бір бағытына айналды. Ең бастысы, барлық жұмыс ашық әрі әділ болуға тиіс. Енді бұл шаруаны бір орталықтан үйлестіріп жүргізудің қажеті жоқ. Жұмыс бір қалыпқа түсті. Сондықтан, алға қадам басып, инвесторлардың құқығын қорғауға баса мән беретін кез келді.

Активтері күмән тудырып, күдікке ілінген адамдардың көбі қаржысын елге инвестиция ретінде салуға ниет білдірді. Олармен жалпы сомасы бес триллион теңгеден асатын келісімдер жасалды. Бұл қаражаттың есебінен инвестициялық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Оның ішінде туристік, көлік-логистикалық орталықтар, тау-кен, металлургия, энергетика секторларына қатысты жобалар бар. Әлбетте, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт салаларына, сондай-ақ, мұқтаж жандарды оңалту және әлеуметтік ортаға бейімдеу бағдарламаларын қаржыландыруға айрықша назар аударылады.

Бас прокуратура мен Үкіметтің алдында барлық жоспарларды және уағдаластықтарды орындау міндеті тұр. Бұл – аса маңызды жұмыс.

Заңсыз активтерді елге қайтару арқылы әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру – конъюктура не болмаса жұртқа жағу үшін жасалған саяси науқан емес, бұл – мемлекеттің мызғымас ұстанымы. Әңгіме индульгенция немесе ымыраласып, астыртын келісім жасау туралы болып отырған жоқ, олай болуы мүлдем мүмкін емес.

Қазақстан әлем қауымдастығына халықаралық құқықты қатаң сақтайтын ел екенін көрсетіп келеді. Бірақ, кейбір «кәсіпкерлер» қоғамдық пікірді өз мүддесіне қарай бұрмалауға тырысады, шетелде жатып алып, өздерін саяси режимнің құрбаны етіп көрсетеді, «инвестор» ретіндегі құқығы тапталып жатқанын айтады. Біз заң аясында адал диалог жүргізуге дайынбыз. Өйткені, ұстанымдарымыздың дұрыс екеніне сенімдіміз. Қазақстан алдағы уақытта да заңдары инвесторларға қолайлы мемлекет ретіндегі мәртебесін нығайта береді.

**– Кейбір оқырмандар әлеуметтік желіде сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыты болудан қалды деген сыңайда пікір айтып жүр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің дербес мәртебесі жойылғанын осының бір дәлелі ретінде келтіреді. Бұл реформаның мәні неде?**

– Мұндай пікірлерден хабарым бар. Оның бәрін дұрыс түсінбеушілік немесе кейбір «арам ойлы» адамдардың бос әңгімесі деп санаймын. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі дербес мемлекеттік орган ретінде өзіне жүктелген міндетті табысты орындады. Оған кінә арта алмаймыз. Ұлттық қауіпсіздік комитеті де жемқорлықпен күреседі. Екі мекеменің бір міндетті қабаттаса атқаруы мемлекеттік маңызы бар жұмысқа кесірін тигізе бастады.

Сыбайлас жемқорлықпен барлық деңгейде күресу мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып қала береді. Бұған қатысты ешқандай күмән тумауға тиіс.

Қабылданған шешім қатардағы жемқорларды ғана емес, қылмыстық әрекеттің идеологтары мен ұйымдастырушыларын да жауапқа тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қылмыстың алдын алу үшін түсіндіру және ағарту жұмыстарына әдеттегідей айрықша назар аударылады. Қазір бұл – мемлекеттік қызмет істері агенттігінің құзырындағы міндет. Жалпы, жемқорлықтан аулақ болу қажеттігін балалардың құлағына жастайынан құя берген жөн. Бұл жерде мектептер, қоғамдық ұйымдар, белсенді азаматтар, әсіресе, ата-аналар шешуші рөл атқаруға тиіс. Сол кезде елімізде жең ұшынан жалғасқан жемқорлыққа мүлдем төзбеу мәдениеті қалыптасады.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті санмен әуестенбей, сапаға мән беріп, жемқорлыққа қарсы нақты жұмыс жүргізеді. Сонда мемлекеттік қызметшілер құқық қорғау қызметкерлеріне жалтақтамай, батыл шешім қабылдайтын болады.

– Сіз Жолдауыңызда әлеуметтік жеңілдіктер тым көбейіп, масылдық пен алаяқтыққа жол берілгенін қатаң сынға алдыңыз. Жұрт иммиграцияға қатысты көзқарасыңызды да білгісі келеді...

– Қазақстан – әлеуметтік мемлекет. Денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, ғылым және мәдениет саласына қатысты барлық міндеттеме толық орындалады. «Сырт көз – сыншы» деген сөз бар. Шетелдіктер, әсіресе, көрші мемлекеттердің тұрғындары біздің елдегі әлеуметтік қызметтің соншалықты дамығанына қызыға да, қызғана да қарайды. Соның ішінде кепілдік берілген тегін медициналық көмек және азаматтарға арналған көптеген жеңілдік бар. Тіпті, Қазақстанды «коммунизм орнаған» ел деп атай бастады.

Мысал ретінде, жекеменшік мектептердің иелері де ауқымды мемлекеттік субсидия алатын орта білім жүйесін айтуға болады. Барлық аймаққа жекеменшік мектептердің, балабақшалардың, оқу орталықтары мен үйірмелердің жұмысын қамтамасыз ету үшін «жан басына сәйкес қаржыландыру» қағидаты бойынша қомақты қаражат бөлу міндеті жүктелген. Бұған қоса, ауқатты кәсіпкерлердің меншігіндегі және ата-аналары балалардың оқу ақысына көп ақша төлеп отырған элиталық мектептерге де бюджеттен қаржы бөлінеді.

Бұл саланы мемлекеттен қаржыландыру жүйесінің өзін реформалау керек. Министрліктің бұрынғы басшылары енгізген бүгінгі бұрмаланған тәртіп бей-берекеттікке әкеп соқтырады, себебі, қазірдің өзінде қаражат жетпей жатыр.

Жекеменшік медицина саласында да осыған ұқсас ахуал қалыптасқан. Бұрын жекешелендірілген медицина мекемелері көбінесе күрделі құрал-жабдықтар сатып алмайды, тексеруден өту үшін науқастарды мемлекеттік емханаларға жібереді. Бірақ, ең бастысы, оларға шын мәнінде науқастардың санына қарай емес, «тіркелген» адамдардың санына қарай бюджеттен ақша бөлінеді және бұл «жан басына сәйкес қаржыландыру» деп аталады. Науқастардың санында мүлде нақтылық жоқ, тіркеу жұмыстары қалай болса солай жүргізіледі. Барлығы ашық болуға тиіс, осы саладағы үрдістің бәрін цифрландырған жөн.

Жалпы, бұл – күрделі мәселе, Үкімет бұған назар аударуға тиіс. Мен лауазымды тұлғалардың мұндай жағдайға жол беріп қана қоймай, мемлекет мүддесіне қайшы келетін нәрселерді «өз қолымен» жасағанына таңғаламын.

Бір сөзбен айтқанда, тиісті мекемелердің жөнсіз іс-әрекеттерінің кесірінен білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы жеке кәсіпкерлік ұғымы бұрмаланып кеткен. Ахуалды түзеу қажет. Бюджеттен қаржы бөлінбесе, әлеуметтік нысандардың қиын жағдайға тап болуы мүмкін екенін түсінемін. Бірақ, жеке бизнесті түгелдей дерлік мемлекеттің мойнына артып қоюға болмайды.

Сонымен бірге, медицина туризмі тұрғысынан алғанда Астана мен басқа да қалаларымыздың танымалдығы арта түскені көңіл қуантады. Дәрігерге қаралып, сапалы ем-дом алу үшін көрші елдерден бөлек, тіпті, АҚШ-тың және Европаның кейбір мемлекеттерінің азаматтары Қазақстанға келіп жатыр.

Мемлекет мұғалімдерге және медицина саласының қызметкерлеріне өте жақсы қолдау көрсетті. Олардың жалақысы бірнеше есе өсіп, қоғамдағы мәртебесі де арта түсті. Бұл дер кезінде қабылданған орынды шешім болды.

Бірақ, алаяқтыққа жол берілмейді. Кеңес заманындағы түрлі аймақтық қақтығыстарға қатысқан «ардагерлер» әлі күнге дейін әлеуметтік жеңілдіктерді пайдаланып келеді. Мен халыққа Жолдауымда Кеңес Одағының күйрегеніне отыз жылдан астам уақыт өтсе де, «ардагерлер» күн өткен сайын көбейіп, неге екені белгісіз, жасарып бара жатқанын айттым.

Тағы бір мысал. Статистикаға қарасақ, Қазақстанда 740 мыңнан астам мүгедек адам бар екен. Еліміздің ешқандай қарулы қақтығысқа қатыспайтынын ескерсек, 20 миллион халқы бар мемлекет үшін мұның көптеу екеніне келісетін шығарсыз. Кезінде жауапты мекеме қызметкерлері мемлекеттен көмек алу үшін туыстарын, мәселен, гипертония диагнозы қойылған жақындарын мүгедектер қатарына қосып жаза салғаны анықталып отыр. Мұндай заңсыз әрекеттер аз емес. Сондықтан, Үкімет пен құқық қорғау органдарына осы салада тәртіп орнатуды тапсырдым.

Қандастар мәселесіне келсек. Әрине, мен сырттағы ағайынның тарихи Отанына оралғанын құптаймын. Бірақ, олардың қоғамымызға дұрыс кірігуіне қатысты мәселелерді шешу қажет. Былтыр Қазақстанға 16 мыңнан астам қандас көшіп келген. Соның ішінде еңбекке жарамды азаматтардың он бес пайызының ғана жоғары білімі бар. Сол себепті көбі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімделу барысында қиындықтарға тап болады. Олар негізінен Алматы облысының халық көп тұратын аудандары мен ауылдарына және Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласына қоныстанған. Орталық және жергілікті билік, сондай-ақ, құқық қорғау органдары бұл жағдайға назар аударуға мәжбүр болып отыр.

Мен былтырғы сұхбатымда Қазақстанда барлық азаматтың құқығы бірдей екенін, ешкімге ешқандай артықшылық немесе басымдық берілмейтінін айттым. Біз өркениетті, әділетті мемлекет құрып жатырмыз. «Заң үстемдігін» қамтамасыз ету, білімнің сапасын арттыру, мәдениетті болу, аянбай еңбек ету, тәртіпке бас ию және мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарау арқылы ғана осы мақсатқа жетеміз. Еліміздің болашағы дарынды, бастамашыл әрі отаншыл жастардың қолында.

Мен мұны үнемі айтып жүремін. Себебі, Мемлекет басшысы ретінде өскелең ұрпақтың жасампаз қуатына сенемін.

– Елдің қорғаныс қабілеті айрықша маңызды екенін бәріміз білеміз. Бірақ, сарбаздардың өліміне қатысты оқиғалар әскери қызметтің беделін, Қарулы Күштеріміздің абыройын түсіріп жатыр. Сіз армиядағы ахуалды қалай бағалар едіңіз?

– Мен әскери борышын өтеуге шақырылған сарбаздардың жарақат алуы мен қаза болуына қатысты оқиғаларды өркениетті елге жат, теріс үрдіс деп санаймын. Бейбіт заманда мұндай жайттар болмауға тиіс. Бұл туралы барлық күштік құрылым басшыларымен жуырда өткен кеңесте де айттым. Қорғаныс саласына жауапты мекеменің басшылығын тәрбие жұмысын дұрыс қадағаламай отырғаны үшін сынға алдым. Армия жастарға қолдау көрсетіп, оларды еліміздің нағыз азаматы ретінде тәрбиелеп шығаруы керек. Командирлер әскери қызметшілерге үлгі-өнеге болуға тиіс. Әскерде әлімжеттікке, бұзақылыққа, рушылдыққа, жершілдікке орын жоқ, ондай жайттарға жол берілмейді. Мұның бәрін өзім жеке қадағалап отырамын.

Мен ахуалды түзеу үшін шұғыл шаралар қабылдау жөнінде бұйрық бердім. Дегенмен, қайғылы оқиғалар әскери бөлімшелердің бәрінде болып жатпағанын атап өткен жөн.

Тексеру жұмыстары, жалпы, әскердегі тәртіп қатаң сақталатынын көрсетті. Танымалдыққа ұмтылған кейбір блогерлер әскердегі шынайы ахуалға мүлдем жанаспайтын сөз таратып жүр. Олар армияны сарбаздар күн сайын дерлік қылмыскерлердің құрбанына айналып, қаза табатын жер ретінде көрсеткісі келеді.

Шын мәнінде, сарбаз болу – өзіңді дамыту үшін тың мүмкіндіктерге ие болу деген сөз. Әскери борышын өтеп қайтқан жастар жоғары оқу орындары мен колледждерде тегін оқи алады.

Олар әскерде жүргенде сұранысқа ие мамандықтарды меңгереді. Келісімшартпен жұмыс істейтін әскери қызметшілер мен офицерлер әлеуметтік жағынан барынша қорғалған.

Армияда темірдей тәртіп болуға тиіс. Сарбаздар ант бергенде айтатын «Әскери қызметтің ауыртпалықтары мен қиыншылықтарын табандылықпен көтеремін» деген сөзден әскери өмірдің қатаңдығын айқын аңғаруға болады.

Әскери қызметтің абырой-беделін көтеру және еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру – мемлекеттің басты басымдығының бірі. Қарулы Күштерімізді технологиялық тұрғыдан жаңғырту жұмысы қарқынды жүргізіле бастады. Былтыр Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай өткізілген әскери шеруді шетелдік саясаткерлер мен әскери қайраткерлер жоғары бағалады, бұл іс-шара армиямыздың заманауи қару-жарақпен және техникамен, соның ішінде Қазақстанда жасалған өнімдермен толық жабдықталғанын, сондай-ақ, әскери қызметшілеріміздің дайындығы өте жақсы екенін айқын көрсетті. Әскери бөлімшелеріміз ел ішіндегі және халықаралық деңгейдегі жаттығуларда тамаша нәтижеге жетіп жүр. Қазақстанда колледждерден бастап университетке дейінгі білім және ғылым мекемелерін түгел қамтитын ұлттық әскери мектеп қалыптасты.

Жуырда Тараздағы мамандандырылған әскери мектепке бардым. Онда әлеуметтік жағынан осал топтағы отбасылардан шыққан балалар оқиды. Бұл – жақсы бастама. Мен осы мектепке аты аңызға айналған батырымыз Бауыржан Момышұлының есімін беру туралы шешім қабылдадым. Облыс орталығының бәрінде осындай мектеп ашу туралы тапсырма бердім. Бұл білім мекемелерінде бүкіл еліміз мақтан тұтатын сардарлар мен генералдар тәрбиеленіп шығатынына сенімдімін.

**– Тағы бір өткір тақырып – көлік апаты. Өкінішке қарай, жыл сайын жол-көлік оқиғасының салдарынан мыңдаған адам қаза болады. Сіз Жолдауыңызда да бұл тақырыпқа тоқталып, мәселені ретке келтіруді талап еттіңіз. Оң өзгерістер бар ма?**

– Бұл – көптеген ел үшін өте өзекті мәселе. Басты себептің бірі – автокөліктің көбеюі. Еліміздегі автокөлік саны былтырдың өзінде 300 мыңға, ал, соңғы бес жылда 1,7 миллионға көбейді. Оның үстіне, шамамен 3 миллион транзиттік автокөлік еліміздің аумағы арқылы өтеді. Автокөлік көбейген сайын, жол үстінде апат болу ықтималдығы арта түседі.

Ішкі істер министрлігі құқық бұзушылықты анықтау және оның жолын кесу жұмыстарын жандандыра түсті. Инфрақұрылым жетілдірілді, бақылау күшейді. Айыппұлды өсіру туралы шешім де, ең алдымен, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қабылданды.

Соның нәтижесінде ахуал жақсарып келеді, көлік апаттарынан болған адам өлімі 9,4 пайызға азайды. Алайда, қоғам жол ережесін сақтауға немқұрайлы қараса, қолға алынған шаралардың ешқайсысы тиісті нәтиже бермейді. Түптеп келгенде, жүргізушілер қарапайым, бірақ өте маңызды талаптарды сақтамағандықтан, жан түршігерлік апаттар болып жатады. Бұл жағдай көлік жүргізушілерінің жол ережесін білмеуінің немесе оны біле тұра елемеуінің кесірінен орын алады. Дәл осындай жауапсыз жүргізушілер адам өліміне әкеп соқтыратын апаттарға себепкер болады.

Кейбір дамыған елдерде көлік апаттарының алдын алу үшін жаңа тұжырымдама енгізіліп жатыр. Соған сәйкес әр адам полиция қызметкерлеріне ұсталып қалудан қорыққандықтан емес, өзінің және басқа адамдардың қауіпсіздігін ойлағандықтан жол ережесін сақтауға тиіс.

Бұған қоса, осы салаға жаңа технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектіні кеңінен енгізген жөн. Біз көліктер тоқтаусыз жүретін көшелер саламыз. Сондай-ақ, қоғамдық көліктердің қауіпсіздігіне айрықша назар аударамыз. Себебі, автобустардың жол апатына ұшырауы азаюдың орнына көбейіп барады.

**– 2025 жылдың екінші жартысы еліміздің сыртқы саясатындағы маңызды оқиғаларға толы болды. Сіз қысқа мерзім ішінде Бейжіңде, Вашингтонда, Мәскеуде, Анкарада, Абу-Дабиде, Ташкентте, Душанбеде, Бішкекте, Ашхабадта және Токиода болып қайтқан әлемдегі санаулы қайраткердің бірісіз. Өзіңізді ірі халықаралық қақтығыстарды шешу үшін ара ағайын болуға арнайы шақырады деген де болжамдар бар. Бұл туралы не айтар едіңіз?**

– Сыртқы саясатқа қатысты жоғары деңгейдегі іс-шаралардың көптігі Қазақстанның абырой-беделі өсіп, халықаралық құқық субъектісі ретіндегі рөлі арта түскенін көрсетеді. Шетелге жасаған сапарларымнан бөлек, Азия, Еуропа және Таяу Шығыс аймақтарындағы ықпалды мемлекеттердің басшылары Астанаға сапармен келді.

Әрбір келіссөзде экономикалық және инвестициялық ықпалдастыққа, әлемдік аренадағы қарым-қатынасқа қатысты маңызды мәселелер көтеріледі. Былтыр экономикамыздағы басымдық берілген салаларды дамыту үшін жалпы сомасы 70 миллиард доллардан асатын құжаттарға қол қойылды.

Қазақстан Еуразия кіндігінде орналасқан ел ретінде, әсіресе, қазіргі алмағайып заманда түрлі үдерістен сырт қалмауы керек. Біздің халықаралық қатынастағы негізгі мәселелер туралы өз көзқарасымыз, нақты ұстанымымыз болуға тиіс. Сондықтан, мен БҰҰ Бас Ассамблеясының мерейтойлық сессиясында осы әмбебап жаһандық ұйымды реформалауға қатысты Қазақстанның ұстанымын егжей-тегжейлі айтып өттім.

Халықаралық дау-дамайларда ара ағайын болатын ешқандай ойым жоқ, сондай-ақ, бірқатар елдердің ұсыныс-пікіріне қарамастан, БҰҰ-дағы жұмысқа қайта оралатын ниетім де жоқ. Бірақ, жабық кеңестер мен пікірталастарға қатысамын, оның үстіне бірқатар мемлекет басшылары менің пікірімді білгісі келеді. Мен үшін осы маңызды жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаудың еш қажеттігі жоқ, себебі популизмнен аулақпын. Бұл ұстанымым жабық кеңестерге қатысушылар үшін де маңызды болса керек.

– Жаңа жыл қарсаңында Кремльде Тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаев Ресей басшысымен тағы да кездесті. Кремльге қарасты ақпарат құралдары бұл жайында кеңінен мәлімет таратты. Кездесу туралы көптеген пікір айтылып, өсек-аяң өрбіді. Тіпті, Қазақстанда 2029 жылы болатын билік транзиті туралы сөз қозғалыпты, Назарбаев Владимир Путиннің тікелей қолдауымен сол істе ең басты рөл атқарғысы келеді екен деген алып-қашпа әңгіме шықты. Сіз былтырғы сұхбатыңызда Тұңғыш президент партияның ірі қайраткері ретінде көп уақытын өткізген Мәскеуді сағынатын

болар, сондықтан ол жаққа жиі барады деп түсіндірген едіңіз. Дегенмен, көптеген азамат Сіздің осындай «саммиттерге» шынайы көзқарасыңызды білгісі келеді.

– Тұрақты түрде өткізіліп жүрген кездесулер бейресми сипатқа ие. Мұны Ресей президентінің өзі де атап өтеді. Таяуда өткен Санкт-Петербургтегі басқосуда Владимир Путин маған Нұрсұлтан Назарбаевты оның өтініп сұрауы бойынша қабылдайтынын айтқан еді.

Ресей президентінің ерекшелігі: ол достарымен және әріптестерімен жылы қарым-қатынас құра біледі. Жұмысы өте қарбалас болса да, сенбі күні Қазақстанның Тұңғыш президентімен асықпай әңгімелесуге уақытын бөлді. Ол Нұрсұлтан Назарбаевты Еуразиядағы ықпалдастық үдерісінің бастауында тұрған тәжірибелі саясаткер ретінде бағалайды. Ресей бұл үдерісте жетекші рөл атқарып отыр. Кремльдегі кездесу Владимир Путиннің адамгершілігі жоғары екенін көрсетеді.

Ондай әңгімелер барысында не айтылғаны маған қызық емес, бұл туралы ешқашан сұрақ қоймаймын.

Ал, Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке басына келер болсақ, мен оны қазіргі қазақ мемлекеттігінің негізін қалаған тұлға деп санайтынымды бірнеше рет айттым. Оның мемлекеттік институттарды және экономиканың нарықтық тетіктерін құру, жаңа астанамызды салу жолындағы еңбегін бәрі біледі. Өзіңізге мәлім, біз Қазақстанды Әділдік, Заң және Тәртіп орнаған ел еткіміз келеді. Сондықтан, ешкімді алаламай, әр азаматтың еңбегін әділ бағалау керек. Бұл еліміздің Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа да қатысты.

**– Ал билік транзиті туралы не айтасыз?**

– Бұл жөнінде сөз қозғауға әлі ерте, алдымызда табанды жұмысқа толы бірнеше жыл бар.

– Кейбір сарапшылар парламенттік реформа бір ғана мақсатпен – Парламент төрағасы лауазымын мемлекеттік басқару жүйесіндегі ең басты лауазымға айналдыру үшін ғана өткізіледі деп санайды. Сіз бұл лауазымды өзіңізге дайындап жатырсыз деген де сыбыс бар...

– Бұл – бос әңгіме. Мұндай пікір менің саяси қағидаттарыма қайшы келеді. Мен Қазақстанның президенттік басқару үлгісіндегі мемлекет екенін бірнеше рет айттым. Осыдан 8 жыл бұрын, яғни Ақордаға келгенге дейін «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасын жарияладым. Жеке бастың қамын күйттеп, мемлекеттік жүйені тұтастай өзгерте салу барып тұрған жауапсыздық, тіпті, адамгершілікке жатпайтын әрекет болар еді.

Еліміз үшін аса маңызды реформаның бәрі жалпыхалықтық референдумға шығарылады. Бұл жерде ешқандай астыртын ойлар жоқ. Менің ұстанымым баршаға белгілі, саяси реформалар жалғаса береді. Ұзақ мерзімге арналған жоспардың бір бөлігі әдеттегідей жақын арада жарияланады.

– Биыл саяси тұрғыдан алғанда қандай жыл болмақ?

– Қазірдің өзінде нақты айта аламын: биыл ел тағдырына тікелей әсер ететін, Қазақстанның ұзақ жылдарға арналған бағыт-бағдары айқындалатын жыл болады. Мен конституциялық реформаға қатысты референдум өтетінін алдын ала айттым. Қазір сарапшылар тобымен бірге Ата заңымыздың редакциясына қатысты ұсыныстарды қарап жатырмын. Жоспарланған өзгерістер өте көп, бәрі тұтаса келгенде жаңа Конституция қабылдаумен пара-пар қадам жасаймыз деуге болады.

**– Сіздің күрделі мәселелерге әзілмен қарай алатыныңызды, ойыңыздың астарын өмірде болған тағылымды тарихи оқиғалар, я болмаса дипломатиялық тәжірибеңізден алынған мысалдар арқылы жеткізетініңізді «президенттік орта» жақсы біледі деседі. Олар өткен кезеңнің белгілі тұлғаларын да жиі тілге тиек ететініңізді айтатын көрінеді. Жоғары деңгейдегі саясаткер ретінде бұл қабілетіңіз Сізге септігін тигізе ме?**

– Әзіл айта білу және тарихи деректерді жетік білу үлкен саясатта да жоғары бағаланады. Мен кәсіби тарихшы емеспін. Сондықтан, көптің алдында өткен дәуірлерге қатысты тақырыптарға бара бермеймін. Бірақ, тарихқа қызығамын, кітаптар мен мақалалар оқимын. Десе де, тарихи деректерді қазіргі саясаттың мүддесіне пайдалануға болмайды деп санаймын.

Белгілі жазушы, драматург Эдвард Радзинский өткен ғасырдағы 80-ші жылдардың басында Сталин туралы іргелі зерттеу кітабын жазуға кіріскенін айтыпты.

Қаламгердің елге «қайта құру қаһармандары» ретінде танылған достары «Сенің Сталинің кімге қажет? Ашықтық пен демократия дәуірі басталғанын білмейсің бе? Сталинизм заманы келмеске кетті» деп кекетсе керек. Сонда жазушы «Мен кітапты жазып бітірген кезде жұрт Сталиннің суретін көтеріп алып, көшеде жүретін болады» деген екен. Ақыры солай болып шықты.

Тарихтан талай нәрсені үйренуге болады, күні кеше ғана қуғында жүрген жандар ертең-ақ ұлы тұлға атанады. Есесіне, Ленин сынды көсемдердің әжуаға айналуы оп-оңай, халық оның қанатты сөздерін әлдеқашан ұмытқан. Ал, Троцкий өз естеліктерінде «партиямыздың ең көрнекті ортақол адамы» деп атаған Сталинді қазір жұрт мадақтайды, тіпті, «Кадр бәрін шешеді», «Бала әкесі үшін жауап бермейді», «Өмір қандай керемет, өмір қандай көңілді», «Табыстан бас айналу», «Гитлерлер келеді-кетеді, ал неміс халқы қала береді» деген сөздері үшін пір тұтады. Осындай тарихи парадокстар бізде де аз емес...

**– Ойыңызды тарқатып айтасыз ба?**

– Кез келген елдің, соның ішінде біздің де төл тарихымызда қайшылыққа толы оқиғалар мен ақиқатынан аңызы басым тұлғалар жетіп артылады. Тарихи деректерді бұрмалау, халыққа жасаған еңбегі күмәнді, яғни нақты мәліметтермен немесе құжаттармен дәлелденбеген адамдарды шамадан тыс ұлықтап көрсету – мен үшін мүлде ақылға қонбайтын нәрсе.

Соңғы жылдары Қазақстанда тарихты талқылау сәнге айналды. Түрлі подкасттар, фильмдер, мақалалар мен кітаптар шығып жатыр. Әрине, халықтың төл шежіресін тануға деген қызығушылығын түсінуге болады. Жалпы, бұл – құптарлық дүние.

Алайда, өкінішке қарай, мемлекетке кесірі тиетінін жете түсінбей, көпшіліктің көңілін табу үшін ойдан шығарылған деректер мен жалған ақпараттар тарататын, халқымыздың басынан өткен қиындықтарға өзге жұртты кінәлайтын тарихшысымақтар пайда болды. Жұрт олардың сандырағына сеніп, өткен дәуірдің жалған батырларын ұлықтай бастады. Мұның соңы жақсылыққа апармайды. Бұл – ақиқат жолы емес, керісінше «жалған түсінік туғызатын теріс жол».

Біз болашаққа ұмтылған қоғам, біртұтас ұлт ретінде төл тарихымызды танып, оны қаз-қалпында қабылдай білуіміз керек. Бізге негізсіз аңыз-әңгімелердің еш қажеті жоқ, оның бәрі сана-сезімімізге кеселін тигізеді. Тарих жұртты дауластыратын, жауластыратын тақырып емес, керісінше, қоғамды ұйыстыратын құндылық болуға тиіс. Ойдан шығарылмаған, яғни ақиқатқа құрылған шежіре бізді тарихтан тағылым алып, кемшіліктерімізді түзетуге, сол арқылы болашаққа сеніммен қадам басуға үйретеді. Сондықтан, біз Абайды және оның ой-толғамдарын кеңінен дәріптеп келеміз. Ол қоғамдағы кемшіліктерді бүкпесіз айтып, «Толық адам» болуға бастайтын дұрыс жолды нұсқап кетті. Ұлы ойшылдың ұрпаққа қалдырған баға жетпес мұрасы саналатын «Қара сөздері» әлі күнге дейін өзекті болып отыр.

Абай халқымыздың еңбекқор, білімпаз және адамгершілігі жоғары болғанын қалады. Мән-мағынасы жоқ сансыз пікірталастан басқа ұрпаққа ұлағат боларлық сөз қалдырмаған бірқатар қоғам қайраткерлерінің мұрасынан Абай ілімі әлдеқайда биік тұрғаны анық. Бірдебір дәуірде, әсіресе, саяси аласапырандар кезеңінде көпірме сөздің еш пайдасы болмаған.

**– Сіздің «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойғаныңыз былтырғы айтулы қадамның бірі болды. Жұрт идеологияның рөлі, отаншылдық туралы жиі айтады. Сіз отаншылдық дегенді қалай түсінесіз?**

– Меніңше, отаншылдық деген ұлы сезім жылтырақ сөзбен, жалған әрекетпен бағаланбауға тиіс. Нағыз отаншыл азамат жұрттың алдында кеудесін соғып көпірмейді, етегі жасқа толып еңіремейді, оңды-солды сұхбат беріп ділмәрсімейді. Үндемей жүріп, үлкен іс бітіреді. «Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жаратынның» бәрі патриот емес. Отаншыл болу – туған елінің, отбасының игілігі үшін аянбай еңбек ету деген сөз. Қоқысты жинау, тал егу, табиғатты аялау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету де – отаншылдықтың белгісі.

Мен аймақтарға іссапармен барғанда инженерлермен, жұмысшылармен, мұғалімдермен, дәрігерлермен, шаруалармен, әскери қызметшілермен, мәдениет қайраткерлерімен кездесемін. Олардың бәрі – сүйікті Отанымыздың нағыз патриоттары. Отан отбасыңнан, ауланнан, көшеңнен басталады. Сондықтан, айналаңды аялап, табиғатты таза ұстау керек.

Әлемде мультикультурализмді қолдап, ұлтаралық және дінаралық татулықты жақтайтындар мен өзін нағыз патриот санайтын радикалды ұлтшыл топ өкілдері арасында қақтығыс болып жатыр. Меніңше, екі жақтың да ұстанымы ұшқары. Себебі, Азияда бағзы заманнан бері заң мен тәртіпке бағынып, берекебірлікте, тату-тәтті өмір сүрудің «үлгілі үйлесімі» бар.

Мен бұған дейін қоғамдық өмірдің «Бірлігіміз – әралуандықта» деп аталатын маңызды қағидатын жарияладым. Бұл азаматтарымыз бірін-бірі құрметтеп, сабыр сақтап, тәртіпті болуы қажет дегенді білдіреді. Тағы да қайталап айтайын: Қазақстан үшін «Заң мен Тәртіп», қолмен істегенді мойынмен көтеру қағидаттары айрықша маңызды. Әйтпесе, жоспарларымызды орындап, мақсаттарымызға жету екіталай болмақ.

**– Биыл Қазақстан халқы қастерлі Тәуелсіздігіміздің 35 жылдық мерейлі белеске жеткенін атап өтеді. Бұл – тарих тұрғысынан алғанда қас-қағым сәт болғанымен, жекелеген мемлекеттер мен адамдар үшін біршама ұзақ мерзім. Сіз Қазақстанның жүріп өткен жолын қалай бағалар едіңіз? Алдағы бағдарымыз қандай?**

– Мемлекет құру ісінің куәгері болған және бұл іске атсалысқан азамат ретінде «осы жылдарда Тәуелсіз Қазақстанның игілігі үшін өте көп жұмыс атқарылды» деп айта аламын. Иә, жетістіктермен қатар, қателіктер де болды. Онсыз мүмкін емес қой?! «Білмейтін жолдың ой-шұңқыры көп» деген сөз бар. Қалай болғанда да, еліміз бұралаңы көп, бағдары бұлыңғыр, күрделі жолды жүріп өтті. Жер жүзінде Қазақстанға тілеулестік білдіргендер аз болған жоқ, бірақ жымысқы ниет танытқандар да бар еді. Өткен ғасырдағы 90-шы жылдардың басында шетелдерде «қазақтардың қолынан ештеңе келмейді» деген пікір айтылып жатты. Өйткені, демографиялық ахуал мен кеңес дәуірінен қалған саяси және экономикалық жағдай табысты мемлекет құруымызға қолбайлау болатындай көрінді.

Өмірдің өзі бұл болжамдарды жоққа шығарды. Қазақстан экономикасы қарқынды дамып жатқан, халықаралық беделі жоғары, табысты мемлекетке айналды. Бірақ, алдымызда тәжірибесі мол азаматтарға да, жастарға да ортақ орасан зор жұмыс бар.

– Қазіргі жастар – өте талапшыл әрі талғампаз. Әлеуметтік желіден олардың «Қазақстан «прайм-дәуірге», яғни, керемет кезеңге қадам басты» дегенін көргенде таңғалдым. Осыған қатысты не айтар едіңіз?

– Жастарымыздың күш-қуаты мол, үміті мен сенімі зор әрі азаматтық сана-сезімі өте жоғары. Олар – бар ықыласымен болашаққа ұмтылатын отаншыл азаматтар. Дәл осындай өршіл ұстанымның арқасында еліміз талай рет алдынан шығатын сын-қатерлерді еңсеріп, қиындықтарды жеңері сөзсіз.

Жастардың қуанышы орынсыз, тіпті, оғаш көрінуі мүмкін. Бірақ, олардың ой-пікірімен санасқан жөн. Жастар Отанымызға тек жақсылық тілейді. Бұл біздің қоғамымыздың жасампаздық рухын білдіреді.

Өскелең ұрпақ бүгінгі ахуалға арман-қиялмен емес, нақты көзқараспен қарауы қажет, виртуалды емес, шынайы әлемде өмір сүруі керек. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүрмей, еріңбей еңбек етіп, өзін темірдей тәртіпке тәрбиелей білгені жөн.

– Қазақстанның дамуы туралы айтар болсақ, осы жылдан не күтесіз? Алда қандай маңызды оқиғалар болады? Мақсат-мұраттарыңыз қандай?

– Биыл көп жұмыс істеуіміз қажет екенін айтып өттім. Осы жылы ауқымды саяси өзгерістердің жаңа кезеңі басталады, экономикалық реформалар жалғасын табады.

Еліміз жаңғыру жолына біржола түсіп, қоғамымыздың болмысы мен бет-бейнесін түбегейлі өзгертуге тиіс. Азаматтарымыз жаңа дәуірге бейімделуі қажет. Бұл – оңай шаруа емес. Бірақ, халқымыз, соның ішінде жастарымыз алмайтын асу жоқ. Бұған кәміл сенемін.

Мен осы жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияладым. Бұл еліміз үшін тарихи мүмкіндік екенін жаңа ғана айтып өттік. Түбегейлі цифрлық өзгерістер жасап, жасанды интеллектіні енгізу экономиканың және басқа да көптеген саланың дамуына тың серпін береді. Мемлекетті басқарудан бастап, білім беру және денсаулық сақтау саласына дейін – барлық бағытта өсіп-өркендеуге жол ашады.

Тәуелсіздігіміздің 35 жылдығы – еліміз үшін айтулы дата әрі осыған дейін жүріп өткен жолымызды ой елегінен өткізіп, болашаққа жоспар құратын сәт. Тәуелсіздіктің мерейлі белесін ас та төк науқаншылдыққа айналдырмау керек, бұл Қазақстанның өсіп-өркендеуінің символы болуға тиіс.

Мен Президент ретінде «Таза Қазақстан» акциясын алдағы уақытта да ерекше назарымда ұстаймын. Бұл жұмыстың мән-маңызы өте зор. Себебі, «Таза Қазақстан» жұртты үнемшіл әрі ақпейіл болуға, даңғазалықтан арылуға, үнемі ізденіп, алға ұмтылуға, ортақ жауапкершілікті ұмытпауға, елге жанашырлық танытып, қайырымдылық жасауға үндейді. Біздің бастамамызбен Біріккен Ұлттар Ұйымы 2026 жылды Халықаралық еріктілер жылы деп жариялады. Бұл қадам «Таза Қазақстан» идеясымен толық үндеседі.

Мен осы жалпыхалықтық қозғалысты айрықша маңызды идеологиялық акция деп санаймын. Өйткені, тазалық дегеніміз – мағынасы терең, мазмұны сан қырлы ұғым. Тазалық ұғымы жан дүниенің де, жер дүниенің де тоқырауын емес, гүлденуін, кіршіксіз таза болуын білдіреді. Түптеп келгенде, тазалық ұлт болмысының өзегіне айналуға тиіс.

**– Жұрт Сізді жеке тұлға ретінде де тани түскісі келеді. Сіз жеке өміріңізді көпшілікке жария етуді ұната бермейтін сияқтысыз. Өзіңізді жақсы білетін адамдар «ол жазба мәтіндерге өте мұқият қарайды және асқан табандылықпен жұмыс істейді» дейді. Жеке басыңызға қатысты осындай сұрақтар аз емес. Осының бәрін қорыта айтсақ, Сізді жан дүниесі мен мінез-құлқы қандай адам деуге болады?**

– Мен 1975 жылы КСРО сыртқы істер министрлігінің табалдырығын алғаш рет аттадым, мемлекеттік қызметке келгеніме былтыр 50 жыл болды. Алғашқы мамандығым бойынша мен – қытайтанушымын. Бұл кәсіп айрықша табандылықты қажет етеді. Шынымен де, мәтінмен жұмыс істеуге әбден дағдыланғанмын, нашар стильді, әсіресе, әріп қатесін суқаным сүймейді. Жолдауларымды, сөйлейтін сөздерімді, мақалаларымды, тіпті, әріптестеріме жолданатын хаттардың бәрін тікелей өзім қарайтынымды аппараттағылардың барлығы біледі.

Саналы ғұмырым темірдей тәртіпті, зор жауапкершілікті, жүйелі жұмыс істеуді талап ететін мемлекеттік қызметте өтіп келеді. Мұның бәрі менің мінез-құлқым мен дүниетанымыма өз әсерін тигізді. Сондықтан, «Сіз кімсіз?» деген сипаттағы сауалыңызға қысқаша ғана «мен – мемлекетшіл адаммын» деп жауап берейін.

**– Жақында АҚШ президенті Дональд Трамп өзінің денсаулығы туралы мәліметтерді жариялады. Осы тұрғыдан алғанда, Сіз көп ашыла бермейсіз. Дегенмен, денсаулығыңыз жайлы түрлі әңгіме айтылып жатады. Кейбіреулер Сіздің салмақ тастап, сергек көріне бастағаныңызды атап өтсе, енді біреулер оған керағар пікір білдіріп жүр. Бұл туралы не дер едіңіз?**

– Денсаулығым жақсы, қан қысымым қалыпты. Күн сайын йогамен шұғылдануды әдетке айналдырдым, бірақ медитация жасамаймын. Бұрынғы кәсіпқой спортшымен аптасына екі рет үстел теннисін ойнаймын. Расымен, тоғыз келі салмақ тастап, өзімді әлдеқайда жайлы сезінетін болдым.

**– ТМД елдеріндегі әріптестеріңіздің ішінде тағы кім спортқа жақын?**

– Таяуда Бішкекте өткен бейресми іс-шара кезінде Путин жас дзюдошыға қарсы әдемі әдіс жасап, аға буынның абыройын көтеріп тастады. Әлиев те мықты, кәнігі спортшы сияқты үнемі жаттығады, Жапаров футбол ойнайды. Мирзиёев те ширақ, ол жаттығу залында шынығады. Пашинян велосипед тебеді. Лукашенко әлі күнге дейін хоккей ойнайды екен. Кезінде теңіз-әскери күштерінде болып, әбден шыныққан Рахмонның да денсаулығы жақсы. Бір сөзбен айтсам, әріптестерімнің бәрі де бабында.

– Президент мырза, бүгін өте мазмұнды әңгіме болды. Халықты толғандыратын көптеген маңызды мәселені талқыладық. Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңіз үшін тағы да алғыс айтамын.

– Мен әрдайым қоғамның көңіл-күйі мен азаматтардың мұң-мұқтажын біліп отыруға тырысамын. Түйткілді мәселелер мен жоба-жоспарларды ашық әрі тура айтамын. Қазақстанның әлеуетін еселей түсу үшін әлі көп жұмыс істеуіміз керек. Біз бір ел болып, халықтың мүддесін қорғау жолындағы биік мақсатымыздың бәріне жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін.

Газеттеріңіздің жұмысы табысты болсын! Редакция қызметкерлеріне менен дұғай сәлем айтыңыз.

**– Міндетті түрде сәлеміңізді жеткіземін!**

**Әңгімелескен**
**Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ**




## Құрметті жерлестер!

2025 жыл ауданымыз үшін маңызды оқиғалар мен толайым жетістіктерге толы, берекелі де мерейлі жыл болды. Бұл жыл ел руханияты үшін айрықша мәнге ие ұлы ойшыл, ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойымен айшықталды.

Атаулы мереке кең көлемде, жоғары деңгейде аталып өтіп, халық жадында тағылымды, тарихи оқиға ретінде сақталары сөзсіз.

Сонымен қатар, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны артып, тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған көптеген игі бастамалар мен маңызды жобалар сәтті жүзеге асты. Келе жатқан 2026 Жаңа жылды зор үмітпен, ақ ниетпен және жарқын көңіл-күймен қарсы алып отырмыз. Осы орайда баршаңызды Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Отбасыларыңызға бақ-береке, мықты денсаулық, молшылық тілеймін! Еліміз аман, тәуелсіздігіміз тұғырлы, бірлігіміз бекем, бейбітшілігіміз мәңгі болсын!

Жаңа жыл баршамызға тек қуаныш, игілік пен толайым табыс әкелсін! Қасиетті Абай елінің мәртебесі асқақтап, ауданымыз әрдайым гүлденіп, жарқырай берсін!

Жаңа жыл құтты болсын!

**Ізгі ниетпен,**
**Абай ауданының әкімі М.Смағұлов**

**Мәслихат төрағасы: М.Нұрсұлтанұлы**

# АРДАГЕРЛЕРДІ МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Қариясы бар ел – қазыналы ел» демекші жаңа жыл қарсаңында ардагерлерді аудан әкімі М.Смағұлов және мәслихат төрағасы М.Нұрсұлтанұлы арнайы мерекемен құттықтап қайтты.Алдымен Ырғызбай әулетінің үлкені, ауданның Құрметті азаматы, батагөй ақсақал Манатай Балтақайұлының шаңырағына ат басын бұрды. Жаңа жылда батагөй ақсақалды мерекемен құттықтап, арнайы сыйлықты табыс етті. Өз кезегінде соғыс және еңбек ардагері Манатай Балтақайұлы өз естеліктерімен бөлісті. Қазір ел-халықтың жағдайы жақсы екенін тілге тиек етіп, бейбіт күнге шүкіршілігін айтты. Құрмет көрсеткен аудан басшысына алғыс білдіріп, батасын берді.

Сондай-ақ, ауданымыздың Құрметті азаматы, жасы жүзден асқан кейуана Күләш Жақыпқызының шаңырағына арнайы барды. Аудан басшысы М.Серікбосынұлы кездесу барысында жыл бойы ауданымызда атқарылған жұмыстар мен қол жеткізген жетістіктер туралы ақпарат беріп, Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, құрмет көрсетті.

Қарияларымыз елдің береке-бірлігі, ынтымағы мен дамуы жолында ақ баталарын берді. Сондай-ақ, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен облыс басшысы Берік Уәлиұлына да жүрекжарды сәлем жолдап, ақ ниеттерін арнады. Батагөй қариясы бар елдің іргесі берік болатыны сөзсіз. Қарттарымыз аман, еліміз тыныш болсын.



# ШАТТЫҚҚА ТОЛЫ ШЫРША



**Жаңа жыл – үлкенді-кішілі барша адамның асыға күтетін мерекесі. Аудан әкімінің бастамасымен ауданымыздың ерекше балаларына арналған дәстүрлі Жаңа жылдық шырша мерекесі ұйымдастырылды. Жылдың ең керемет сәттерінің бірі саналатын бұл кеш балақайлардың жүрегіне шаттық ұялатып, ұмытылмас әсер сыйлады.**

Көңілді мерекелік кеш балалардың ертегілер еліне саяхат жасауымен басталды. Кеште ертегі кейіпкерлері мен әр түрлі жануарды сомдаған өнерпаздар балалардың көңілін бір серпілтіп тастады.

Жаңа жылдық шараға аудан әкімі Мейіржан Смағұлов, мәслихат төрағасы Мақсат Нұрсұлтанұлы, аудан әкімінің орынбасары Назерке Аққожина арнайы қатысып, балалар мен олардың ата-аналарын мерекемен құттықтады.

- Бүгінгі шара – ерекше балапандарымыздың қуанышы үшін ұйымдастырылып отыр. Бұл – олардың қоғамнан тыс емес, қоғаммен бірге екенін көрсететін игі бастамалардың бірі. Ерекше күтімді қажет ететін балаларды өз жолын қалыптастыруда, келешек өмірге бейімдеу біздің басты міндетіміз. Жыл сайын аудан көлемінде өткізілетін барлық балаларға арналған іс-шараларға ерекше қажеттіліктері бар балалардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету тұрақты түрде жолға қойылған. Бұл – олардың әлеуметке толық бейімделуіне, өздерін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне мүмкіндік береді. Өмірімізге мән беріп, көңілімізге қуаныш сыйлаған Сіздерге қайсарлық пен батылдық, жарқын болашақ тілеймін! – Санаулы күндерден кейін толайым табыстарымен есте қалған жылан жылын шығарып салып, жылқы жылын қарсы аламыз. Жаңа жыл әр отбасыға береке мен бірлік, жақсылық пен қуаныш әкелсін. Баршаңызға зор денсаулық, амандық пен табыс тілеймін,- деп аудан әкімі Мейіржан Серікбосынұлы жылы лебізін білдірді.

Мерекелік кеш ертегі кейіпкерлерінің қатысуымен қойылған қызықты қойылымдарға ұласып, Аяз ата мен Ақшақардың өнері балаларды шат күлкіге бөледі. Әсем әуен, жарқыраған шырша, көңілді ойын мен тәтті тосынсыйлар кештің сәнін арттырып, балаларға шынайы қуаныш сыйлады.

Сондай-ақ шара барысында әлеуметтік қызметкерлердің «Шырша» биі, Серікжанов Теміржанның орындауындағы «Жылы жүрек » атты ағылшынша әні, Оразғалиева Балнұрдың «Луна луна», Байжанова Меруерттің орындауында «Шыршаға барамыз» , Қанағат Айымгүлдің «Елге алғыс» атты әндері жиналғандарға ерекше көңіл-күй сыйлады.

Осындай игі шарада ерекше балалардың жүзінен күлкі кетпей, олардың болашағына деген сенім нығая түсті. Жаңа жыл мерекесі бала жүрегінде мейірім мен жақсылыққа деген үміт отын жаққан тағылымды кешке айналды.

Шара барысында балаларға аудан әкімінің атынан арнайы әзірленген мерекелік сыйлықтар табыс етіліп, жас өрендердің жан-жақты дамуы мен олардың қоғамдағы орнына әрдайым ерекше көңіл бөлінетіні атап өтілді. Бұл – балақайларға деген қамқорлықтың, мейірім мен ізгіліктің нақты көрінісі.

**Кеш соңында ертеңгіліктің өтуіне атсалысқан аудан әкімі М.Серікбосынұлына, «Армада» құрлыс компаниясының басшысы Бейімбет Серікұлы, «ТОО К-арат-Z» компаниясының директоры Асқа Алмасұлына, «Қаракөз» мейрамқасының иесі Бекбатырова Жанар апайымызға,Асхатұлы Нұрха ағамызға,Бүркітқазықызы Айымға , сондай-ақ«Қаракөз »мейрамханасының иесі Бекбатырова Жанар апаймызға, Асхатұлы Нұрхат ағамызға, Бүркітқазықызы Айымға (Аниматорлық кастюм ұсынған), Құрманов Алмас (мобилограф қызметін көрсетіп жүрген),Зейнел Бақытжан (музыка аппаратура қызметінің ұсынып жатқан) Абай облысы білім басқармасының «Абай колледжі» КММ алғыстарын жеткізді.**

## Шырша тойы

# ЖАҢА ЖЫЛ, ЖАҢА ҮМІТ – ЖАҢА АРМАН

***Осы тақырыпта Қарауыл гимназиясының жанындағы интернат үйінде жаңа жылдық мерекелік кеш өтті. Қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлау, ұжымдық бірлікті, достық пен сыйластықты нығайту, шығармашылық қабілеттерін дамыту, өнерге баулу, жаңа жылдық құндылықтар – мейірім, ізгілік, татулықты дәріптеу бағытында өткен мерекелік шараға қатысып, интернат тәрбиеленушілерінің жаңа жылдық ән шашуларын, өнерін тамашалап қайттық.***



Өмірдің әдемілігі - адамдардың бір - бірін қуанта білуінде, ізгілікті көңілінде емес пе?

Осындай кештің тамаша өтуіне ат салысқан интернат меңгерушісі Шынар Жанатбекқызы бастаған интернат ұжымына, тәрбиеленушілерге алғыс айтамыз.

Жүздерінен күлкі мен шаттық нұры ескен ұрпақтарымыз көтеріңкі көңіл-күймен, әсем ән, сәнді билерімен баршамызды тәнті етті.

Көңілдің керегесін кеңейтіп, баршамызға береке сыйлар мерекелі кешке «Жалпы білім беретін Қарауыл гимназиясының» директоры Марғұлан Бауыржанұлы арнайы қатысты. Есболқызы Айшаның орындауында «Жаңа жыл» әнімен бастау алған мерекелік кеш ертегілік тамаша көрініспен жалғасын тапты. Аяз ата мен Ақшақарсыз шырша шамы жағыла ма?

Аяз Ата – Жексенов Ералы, Ақшақар – Оразбаева Әмина, Жылан жылы – Жарылқасынова Ақгүл, Жылқы жылы – Әнуарұлы Бекнұр, Аю кейпіндегі Әнуарқызы Ақбота, Маша – Қызырхан Жанерке, Сиқыршы – Ғабитқызы Айзере, Күлдіргіш – Тілеуғабыл Інжу, Санталар – Заманбек Мұхаррам, Боранқызы Жансая, Есболқызы Айша, Есболқызы Аяулым, Исабеков Ерасыл, Берікұлы Нұр, Ұлпақарлар болып әдемі өнер көрсеткен қыздар жаңа жылдық кештің мәнін арттырып, сәнін келтірді. Шырша шамы жағылып, ескі жылды шығарып салған барлығы жаңа жылды қарсы алып думандата жырлап,Аяз атадан сыйлықтарын алып, мәз- мейрам болды.

Жаңа жыл- балалар қуанышы. Әрбір бала жаңа жылдық мерекенің шынайы атмосферасын сезініп, ұмытылмас әсер алды. Осы орайда, осынау кештің көңілді өтуіне үлес қосқан тәрбиешілер Төлеуғалиева Әйгерім Жанатбекқызы мен Шәкен Сымбат Өмірбекқызының еңбегін айта кеткенімізді жөн көрдік.

Жаңа жылдық мерекелік кеш соңында ақ тілектер ақтарылып, естелікке суретке түсті.

**Аталған іс-шара өз мақсатына толық жетіп, оқушыларға қуаныш пен жылулық сыйлаған жарқын мерекеге айналды. Осындай тағылымды да тәрбиелік мәні зор шаралар балалардың мектепке деген сүйіспеншілігін арттыра түсері сөзсіз.**

**Жаңа жыл әр шаңыраққа мол ырыс, береке мен бақыт әкелсін!**

**Анар СӘРСЕНБИНА,**
**"Abai elı" газетінің жауапты хатшысы, журналист**

# ЖАҢА ЖЫЛ- АРХАТТА ЖАРАСЫМ ТАПҚАН МЕРЕКЕ



**Жыл қорытындысы көбіне белгілі бір сценариймен өтеді: есеп, марапат, концерт. Архат ауылындағы жыл-жабар жиын, бұрынғыдан аздап өзгерек басталды, басқаша өрбіді, ерекше есте қалды.**



Жұрт ә дегеннен мойын созып, караумен болды. Өйткені, бұл кеште сыйлық та, марапат та, танымалдарға емес, еңбегімен танылғандарға үлестірілді.

Мысалға: «Жас отбасы» аталымының Ебінов Бекарысқа берілуі ауылда қалуға саналы түрде таңдау жасаған жастарға көрсетілген қолдау іспетті. Демография туралы ұран көп, ал нақты шаруа аз. Осы тұрғыдан алғанда, бұл марапат – ауылдың шашауын шығармай, шетінен мық шегедей қағылып, елді есен ұстап тұрған оғландарға көрсетілген құрмет.



Сол сияқты «Жас маман» аталымының екі мектеп мұғаліміне табысталуы да назар аударарлық. Ауыл үшін ең өзекті мәселенің бірі – кадр тапшылығы. Мұғалім еңбегінің осылайша аталып өтуі олардың ауыл өміріндегі рөлін мойындау екенін аңғартады.



Ұлттық спортқа қатысты марапаттар да өз орнын тапты. Сүйеухан Мәди Мұратұлының «Жас көкпаршы», Біржан Наримановтың «Жас спортшы» атануы – спорттық нәтиже ғана емес, дәстүрдің жалғасып жатқанын көрсететін белгі. Көкпардың ауыл өмірінен қол үзбей келе жатқаны – соның дәлелі. Келесі лайықты марапат — «Үздік үй» аталымы Мусина Гүлшатқа бұйырды.

Кештің маңызды тұстарының бірі – көп жағдайда елеусіз қалатын жандардың еңбегінің бағалануы болды. Алғыс хат алған Демеген Құрмет, Манап Айгүл, Омарбаева Жанат, Амангелдина Алия, Нукебаева Раушан, Байгозина Гүлсім, Ережепова Айгерім, Медеуов Жанат, Ахметжанов Серік, Жұматай Берік секілді тұрғындар – ауыл тіршілігінің негізгі күші. Әдетте дәл осындай адамдар сахнадан тыс қалып жатады. Бұл жолы олай болмады.

Ұйымдастырылған лотерея – кештің сәнін кіргізген қосымша элемент болды. Ол негізгі мақсатты алмастырмағанымен, жиынға кереметтей бір реңк қосты. Халық мәзмейрам, түрлі жүлдеұтысқа ие боп жатты.



**Архаттағы жыл қорытындысы бір нәрсені анық көрсетті: ауыл үшін атақтан бұрын еңбек маңызды. Егер осы ұстаным алдағы уақытта да сақталса, жыл қорытындысы формальді шара емес, ауыл өміріне нақты баға беретін алаңға айналуы әбден мүмкін. Бұл игі шараның өтуіне қолдау білдірген демеушілерге ауыл жұртшылығының айрықша алғысы зор. Атап айтқанда, «Архат-Орда» қоғамдық қоры, жылқы жылы дүниеге келген азаматтар, 1966 жылы туған ағалар, 1990 жылы туған, яғни 2007 жылғы мектеп түлектері, сондай-ақ 2002 жылы туған азаматтар – Роллан Мейрамбекұлы мен Ақжол Қанатбекұлы мерекенің шырайын кіргізуге өз үлестерін қосты.**

**Жазира ҚАЖЫҚЫЗЫ,**
**«Абай елі»**



Ардақты әке, асыл жар **Нұрсұлтанов Шәкір Рахметұлын** асқаралы 60 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Деніңіз сау болып, анамыз Дәмеш Сарқытқанқызымен ұзақ ғұмыр кешіп, ортамызда жүре беріңіздер! Еңбексүйгіштігіңіз, адалдығыңыз, сабыр мен парасатыңыз бізге әрдайым үлгі болып келеді. Алла сізге ұзақ өмір, мықты денсаулық, мол береке нәсіп етсін!

Асыл Әке, ардағы ұл - қызының,
Бәрін болжап жүретін алдағының.
Қамқорымыз Сіз келіп 60 жасқа,
Қуантып отырсыз ғой бізді бүгін.

Анамыз Дәмешпенен қанаттасып,
Жүріңіз әр күн сайын алға басып.
Сіздерді мақтан етіп біз тұралық,
Мөлдір бұлақ суындай асып - тасып.
Жан Әке, құтты болсын 60 жасың,
Біз үшін ардақты ғой алтын басың.
Немереден көріңіз шөберені,
Жыр алыбы Жамбылдың көріп жасын



**Ізгі тілекпен:**
**жұбайыңыз бен балаларыңыз, немерелеріңіз**



Қарауыл ауылының тұрғыны, әріптесіміз, аудан айнасы "Абай елі" газетінде 15 жылдан бері пошташы болып абыройлы қызмет атқарып жүрген сыйлы жан **Наушабаева Сайрангүл Қазиханқызын** адам өмірінің айтулы белесі асқаралы 60 жасымен шын жүректен құттықтаймыз!

Мерейтой биігіндегі әріптесімізді құттықтай отырып, жер бетіндегі барлық жақсылық пен сәттілікті, жанына ізгілікті пен іңкәрлікті, басына бақыт пен байлықты, ең бастысы болаттай мықты денсаулық тілейміз!

Ғұмыр жасыңыз ұзақ болып, табыстан табысқа жете беруіңізге тілектеспіз!

Сіз осы жасқа өзіңіздің еңбекқорлығыңызбен, кісілік келбетіңізбен, бар қажыр-қайратыңызды абайлықтар үшін жақсылықтың жаршысы болған рухани азықты қолдарына тигізген ізгілікті ісіңізді сіңіре келіп отырсыз!

Пошташы болып аудан айнасының,
Қуанышқа бөлейді айналасын.
Еңбекқор жан кім десе ең алдымен,
Ол -біздің Сайраш апай деп айта аламыз.



**Ізгі тілекпен: «Абай елі» ұжымы**



Құрметті **Шәкер Қадырұлы, Сая Оралбекқызы!** Сіздерді алтын белес-50 жас мерейтойларыыңызбен құттықтаймыз! Бір шаңырақтың астында ғана емес, ұстаздық жолда да қатар жүріп,талай шәкіртке білім мен тәрбие бергендеріңіз үлкен құрметке лайық. Отбасында амандық,жүздеріңізден күлкі кетпей,өмірлеріңіз бақыт пен берекеге толы болсын!

Ақ тілекті ақтарамыз жүректен,
Қуаныштa көңіл шіркін дір еткен.
Туылған күн құтты болсын деп бүгін,
Өзіңізге үн қосамыз тілекпен.



**Ізгі тілекпен: Мамай мектебі ұжымы**

# ЖЫЛ ОҚЫРМАНЫ — КІТАПХАНА МАҚТАНЫШЫ

***Зейнеткер Төлеубаев Мұратқазы – кітапханаға үздіксіз келіп, кітап оқуды өмірлік дағдысына айналдырған үлгілі оқырман, көркем әдебиетпен танымдық, тарихи еңбектерді тұрақты түрде оқып, рухани ізденісін тоқтатпай келеді. Мұратқазы аға үшін кітапхана – білім мен тірбие ордасы.***

Осындай белсенділігі мен кітапқа деген құрметі үшін ол 2025 жылдың «Жыл оқырманы » атанып, кітапхана мақтанышына айналды.



Абай атындағы мамандырылған мектеп – гимназия интернатының 4-сынып оқушысы Жайлаубекова Фариза кітап оқуға ерекше ынталы, ізденіспен жас оқырман аудандық М.Әуезов атындағы кітапханаға келіп, кітап арқылы жаңа білім алып қана коймай, ой-өрісін кеңейтіп, сөздік қорын байытып келеді. Оқу мен ізденіске деген құштарлығы, кітапханаға үздіксіз келуі және белсенді оқырмандық қасиеті үшін Жайлаубекова Фариза 2025 жылдың «жыл оқырманы » мұндай білімге ынталы жас оқырмандар – еліміздің жарқын болашағы.Соны мен қатар Слямханова Сабина Абай атындағы мамандырылған мектеп гимназия интернатының 11-сынып оқушысы кітапханаға келуші ең іздемпаз оқырманның бірі, адамзат баласы өзінің бар өмірінде білім мен тәрбиеге, рухани байлыққа ұмтылып келеді.Бұл жол да кітаптың алатын орыны ерекше. Кітап – адамның ақыл- ойының жемісі, талай ғасырлар бойы жиналған тәжірибе мен даналықтың айнасы. Сондықтан да халқымыз «Кітап рухани қазына » деп бекер айтпаған.

**М.Әуезов атындағы орталық кітапхананың**
**Қызыметкері Сандуғаш Мұратова.**

● Музейде

# ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ



**Жуырда көрнекті жазушы, драматург Медеу Сәрсекенің туған күні Кәмен Оразалиннің музей-үйінде "Елінің асыл тұлғаларын ту еткен!" тақырыбында рухани-танымдық дөңгелек үстел өтті. Аталған шараға Абай аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, "Абай ауданының құрметті азаматы", Кәмен Оразалиннің шәкірті, үздік кітап оқырманы Серік Бимұратұлы Мұқажан құрметті қонақ ретінде арнайы шақырылды. Сондай-ақ, шараға Абай атындағы мектеп - гимназия интернатының мұғалімі, жетекші ұстаз Ниязова Балнұр Талғатқызы, 7 "А" сынып оқушылары қатысты.**

Айтулы шараны кіріспе сөзбен ашқан музей меңгерушісі Е.Оразалы: Рухани - танымдық шара - сонау 1960 жылдардың басында ұлттық әдебиетке жаңаша леппен келіп, "Ғажайып сәуле", "Көрінбестің көлеңкесі", "От және атом", "Жетінші толқын" сынды ғылыми фантастикалық тақырыптарға қалам тербеген, кейін еліміздің тарихи тұлғалары жөнінде салмақты еңбектер жазып, мол мұра қалдырған көрнекті жазушы Медеу Сәрсекенің 90 жылдығына арналып отырғанын жеткізді. Келесі кезекте қазақтың біртуар тұлғалары: Қ.Сәтбаев, Е.Букетов, Е.Бекмахановтар туралы құнды еңбектер жазып, халқына Семей полигоны жөнінде "Семей қасіреті" атты тағдырлы дүние қалдырған жазушы М.Сәрсекенің шығармалары жайында сөз өрбіткен құрметті қонақ Серік Бимұратұлы шараға қатысушыларға кең көлемде баяндап, әңгімелеп берді.

Кезінде М.Сәрсеке: "Қазақта мынау "биік таудың биіктігі алыстан көрінеді" дейді. Менің кішкентай түсінігімде, жазушы ретінде ойлағанымда айтарым, сөз Кәмен ағайдың жасап кеткен ерлігі, үлкен еңбегі әлі бағасын алған жоқ. Басқасы басқа, Кәкең соғыстан оралған соң Әуезовтың тапсырмасымен оның болашақта әлемдік даңққа бөлінген әйгілі эпопеясына қажетті деректер жинастыруға жәрдемдескені өз алдына бір тарих." деп, рухани ұстазы К.Оразалин жөнінде салмақты ой қалдырғанын тілге тиек етіп, Медеу Сапаұлының өмірбаяны мен шығармашылық жолын баяндаған музей қызметкері Қ.Бекенқызы, жазушы М.Сәрсекенің К.Оразалинге жазған тарихи хаттарын да оқып берді. Дөңгелек үстелдің сұрақ-жауап форматындағы бөлімінде ұйымдастырушылар тарапынан қойылған сұрақтарға оқушылар тұщымды жауап қайтарып, белсене қатысып отырды.

**Жазушы М.Сәрсекенің 90 жылдығына арналған айтулы шараны қорытындылаған Е.Оразалы дөңгелек үстелдің құрметті қонағы, "үздік кітап оқырманы" С.Мұқажанға қазақы дәстүрмен сый-құрмет көрсетіп, аймақ басшысы Б.Уәлидің қолдауымен "Абай жолы" кітапханасы" топтамасында жарық көрген К.Оразалиннің "Абай ауылына саяхат" кітабын табыстады және шараға қатысушылар естелік суретке түсті.**

# АБАЙ МҰРАСЫН АРДАҚТАҒАН ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ



**Кәмен Оразалиннің музей-үйінде абайтанушы, ғалым Қайым Мұхамедхановтың туғанына 110 жыл толуына орай "Абай мұрасын ардақтаған ғұлама ғалым" тақырыбында рухани-танымдық шара өткізілді.**

Шараға Кеңгірбай би ауылы, Шәкәрім атындағы жалпы орта білім беретін мектептің ұстаздары: Н.Нұрболатова, Р.Жұмақаева және 6-9 сынып оқушылары қатысты.

Аталған шараны кіріспе сөзбен ашқан музей меңгерушісі Е.Оразалы: Абайтану ғылымының негізін салып, іргетасын қалаған Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың ақыл-кеңесімен ғылым жолына түскен кешегі жас шәкірт Қайым Мұхамедханов, ұстаз сенімінен шығып, бар саналы ғұмырын ұлт руханиятына, абайтану ғылымына арнағанын жеткізді. Және аталған шара ғалымның 110 жылдығына сәйкес ұйымдастырылып отырғанын атап өтті.

"Қаламқас" халық ән-би ансамблінің дәстүрлі әншісі, ҚР "Мәдениет саласының үздігі" Қ.Байдашев кеш шымылдығын Абайдың "Көзімнің қарасы" әнімен ашып, тыңдармандарын әнмен сусындатты.

Музей қызметкері Қ.Бекенқызы өз баяндамасында Қ.Мұхамедхановтың өмірі мен шығармашылығына кеңінен тоқталып, ұлы Абай мұрасын бұрмалаудан қорғауда табанды еңбек еткенін, ұлы ақын шығармаларының текстологиясын жүйелеуге зор үлес қосқанын баян етті. Сонымен қатар Қ.Мұхамедханов "Ер қазақ ежелден еркіндік аңсаған" деп басталатын Қазақ ССР-і Мемлекеттік Гимнінің авторы ретінде тарихта қалғанын да жеткізді.

Рухани-танымдық шара аясында Абайдың "Сегізаяқ" әнін, сондай-ақ, ақын Т.Жанғалиевтің сөзіне жазылған сазгер К.Назарбектің "Құнанбай" әнін нақышына келтіре орындаған Қ.Байдашевқа көрермендер тарапынан қошемет көрсетілді.

Аталған шарада Қ.Мұхамедхановтың К.Оразалинге жазған хаттары алғаш оқылып, тарихи, тың деректі мағлұматтар оқушылардың таным көкжиегін кеңейтті.

Рухани және мәдени шараны ұйымдастырған музей ұжымына өз ризашылықтарын білдірген ұстаздар Н.Нұрболатова мен Р.Жұмақаевалар өздері куә болған тағылымға толы рухани шараның жас ұрпақ үшін тәрбиелік мәні де зор екенін атап өтті.

**Шараға қатысушылар Қ.Мұхамедхановтың 110 жылдығына орай музейдің кітап қорынан ұйымдастырылған "Абай мұрасын ардақтаған ғұлама ғалым" атты кітап көрмесін тамашалап, естелік суретке түсті.**

**«АЕ» ақпараты**

# ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ МАТЕМАТИКАНЫҢ МАҢЫЗЫ



***Қазіргі жаһандану дәуірінде математика ғылымы адамзат өмірінің барлық саласымен тығыз байланысқан әмбебап білім көзіне айналды. Ол тек сандар мен формулалар жиынтығы ғана емес, логикалық ойлау, дәлдік пен жүйелілікке баулитын іргелі ғылым. Қай салаға көз салсақ та, математиканың терең ізі мен өлшеусіз үлесін аңғаруға болады.***

Ең алдымен, математика – ғылым мен техниканың негізі. Инженерия, ақпараттық технологиялар, сәулет өнері, медицина, экономика сияқты маңызды салалардың барлығы математикалық есептеулер мен модельдерге сүйенеді. Компьютерлік бағдарламалар, жасанды интеллект, ғарыштық зерттеулер мен цифрлық технологиялар математикалық алгоритмдерсіз дамуы мүмкін емес. Демек, математика – ғылыми прогрестің қозғаушы күші.

Сонымен қатар, математика адамның ойлау қабілетін дамытады. Ол адамды талдауға, салыстыруға, дәл шешім қабылдауға үйретеді. Математикалық білім алған адам кез келген мәселені жүйелі түрде қарастырып, қисынды қорытынды жасай алады. Бұл қасиеттер қазіргі қоғамда, әсіресе ақпарат тасқыны мол заманда аса қажет.

Экономика мен қаржы саласында да математиканың рөлі зор. Нарықтық қатынастарды болжау, табыс пен шығынды есептеу, статистикалық деректерді талдау – барлығы математикалық әдістер арқылы жүзеге асады. Сондықтан математика экономикалық тұрақтылық пен тиімді жоспарлаудың басты құралы болып табылады.

Білім беру саласында математика оқушылардың зияткерлік әлеуетін арттырып, болашақ мамандыққа жол ашады. Математиканы терең меңгерген жас ұрпақ елдің ғылыми-техникалық дамуына үлес қосып, бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасады.

**Қорыта айтқанда, қазіргі заманда математика – адамзат дамуының ажырамас бөлігі. Ол тек ғылым тілі ғана емес, өркениеттің өлшемі, ақыл-ойдың шыңы. Математиканы меңгеру – болашаққа нық қадам басудың кепілі.**

**Нурболатова**
**Нурзат Нурболаткызы**
**«Шәкерім атындағы» орта мектебі**
**КММ мұғалімі.**

● Сайлау 2026

**Абай облысы**
**Абай ауданының аумақтық сайлау комиссиясының**
**ҚАУЛЫСЫ**

***Абай ауданының Архат ауылдық округінің әкімін сайлау жөніндегі сайлау округін құру туралы***

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 22-бабына, 14 бабының 6 тармақшасына, 21 бабының 4 тармағына сәйкес, Абай ауданының аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Абай ауданының Архат ауылдық округінің сайлауы бойынша сайлау округтері құрылсын:

1) Архат ауылдық округінің әкімінің – Архат ауылдық округінің шекарасындағы Архат сайлау округі;

2. Сайлау округінің тізімі, оның шекаралары және Абай ауданының аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері көрсетіле отырып, «Абай елі» аудандық газетінде және Абай ауданының аумақтық сайлау комиссиясының интернет-парақшасында жариялансын.

**Сайлау**
**комиссиясының төрағасы** **Д. Маратұлы**
**Сайлау**
**комиссиясының хатшысы** **Т. Сағынбаев**

**Абай облысы**
**Абай ауданының аумақтық сайлау комиссиясының**
**ҚАУЛЫСЫ**

***Абай ауданының Архат ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы***

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-1 бабына сәйкес, Абай ауданының аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Абай ауданының Архат ауылдық округі әкімінің сайлауы 2026 жылдың 15 ақпанына тағайындалсын.

2. 2026 жылғы 15 ақпанына тағайындалған Абай ауданының Архат ауылдық округі әкімінің сайлауын дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулы Абай ауданының аумақтық сайлау комиссиясының интернет-парақшасында және аудандық «Абай елі» газетінде жариялансын.

**Сайлау**
**комиссиясының төрағасы** **Д. Маратұлы**
**Сайлау**
**комиссиясының хатшысы** **Т. Сағынбаев**

**АБАЙ ОБЛЫСЫ АБАЙ АУДАНЫ АРХАТ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША**
**УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ**

**№ 169 учаскелік сайлау комиссиясы**

Орналасқан жері: Архат ауылы, Мамай көшесі, № 30 ғимаратта

Төраға – Жунусова Айман Ибрагимқызы, Төраға орынбасары – Мұсағали Солтанғазы Төлеуғазыұлы, хатшы – Ибраева Жазира Курметжановна, мүшелері: Оралғазыұлы Сырым, Имашева Армангуль Тулегеновна, Жаппаров Еркін Манапұлы, Тойбазарова Алия Амангельдыевна.

**№ 170 учаскелік сайлау комиссиясы**

Орналасқан жері: Орда ауылы, К.Мырзабекова көшесі, № 44 ғимаратта

Төраға – Аймханов Мақсат Дәлелханұлы, Төраға орынбасары – Әкіманова Балқия Төлеубекқызы, хатшы – Думанбекова Дана Дандыбековна, мүшелері: Елубаева Гүлнар Геннадиқызы, Әшімұлы Нұржан, Игибаев Елдос Амангельдыевич, Садыкова Гульгайша Кенжебековна.

**АБАЙ ОБЛЫСЫ АБАЙ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ**
**САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ**

**Орналасқан жері: Қарауыл ауылы, Ералы көшесі, № 4 ғимаратта тел.:8(72252)91226**

Төраға – Маратұлы Думан, төраға орынбасары - Түгелжанов Әли Бектұрғанұлы, хатшы – Сағынбаев Тілек Қабыкенұлы, мүшелері: Жұмабек Жанат Ашманқызы, Ошакбаева Мадина Еркиновна, Махтаев Жандос Мұратбекұлы, Ермукашева Умытхан Секеновна.

# ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

***Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлері ұрпақтан-ұрпаққа берілу арқылы бүгінгі күнге жеткен мол мұра. Бұл мұраның басты құрамдас бөлігі — отбасы құндылықтары мен ұлттық тәрбие. Отбасы – адамның алғашқы әлеуметтік ортасы, ол ұрпақтың жеке тұлғалық қалыптасуының негізі . Ұлттық тәрбие, өз кезегінде, осы құндылықтар мен дәстүрлерді ұрпаққа жеткізу міндетін атқарады. Бүгінгі күнде, әсіресе, жаһанданудың әсерінен ұлттық тәрбие мен отбасы құндылықтарының маңызы бұрынғыдан да арта түскенін байқауға болады. Бұл мақалада отбасы құндылықтары мен ұлттық тәрбие мәселесін талдай отырып, ұлы қазақ ғалымдарының ой-тұжырымдары мен халық даналығының орнына тоқтала отырып, қазіргі қоғамдағы олардың өзектілігін талқылаймыз.***

**Тарихи және әлеуметтік аспектілер**

Отбасы құндылықтары мен ұлттық тәрбие тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл әлемнің мәдениетін, дәстүрін, моральдық ұстанымдарын сақтаушы әрі таратушы негізгі институт. Бұл институттың мәні және оның ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі ғасырлар бойы өзгерген жоқ. Отбасында балалар өмірдің ең негізгі құндылықтарын үйренеді: махаббат, сыйластық, адалдық, еңбекқорлық, жақсылыққа ұмтылу, еліне қызмет ету сияқты қасиеттер қалыптасады. Халықтың мәдениеті, тілі, тарихы, салт-дәстүрлері мен діни нанымдары отбасының ішінде тәрбиеленеді және сол арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріледі.

Қазақтың ұлттық тәрбие жүйесі де осыған негізделген. Ол ұрпаққа ең алдымен халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған білімін, өмірлік тәжірибесін, моральдық нормаларын жеткізу міндетін атқарады. Қазақтың халық даналығы, дәстүрлері мен ғұрыптары ұлттық тәрбие жүйесінің маңызды бөлігін құрайды. Қазіргідей жаһандану кезеңінде, отбасылық құндылықтарды сақтау және ұлттық тәрбие жүйесін қалыптастыру — қоғам үшін өте маңызды мәселе. Бұл қоғамның мәдени, әлеуметтік және рухани тұрғыдан дамуына негіз болады.

Аналитикалық тұрғыдан алғанда, бүгінгі қоғамда ұлттық тәрбие мен отбасы құндылықтары бірнеше қатерге ұшырауда. Бір жағынан, жаһандық мәдениеттердің ықпалы, екінші жағынан — техникалық прогресс пен интернеттің әсері, ақпараттық технологиялар мен ғаламтордың балаларға ықпалы ұлттық тәрбиеге деген көзқарасты өзгертуге себеп болды. Сондықтан, отбасы құндылықтары мен ұлттық тәрбие мәселесіне қазіргі кездегі әлеуметтік және мәдени өзгерістердің әсерін зерттеу өте маңызды.

Қоғамның дамуындағы ең үлкен мәселелердің бірі – жастардың рухани және моральдық құндылықтарынан алшақтап кетуі. Әсіресе, қаладағы жастардың арасында отбасы құндылықтары мен ұлттық тәрбиеге деген қызығушылықтың төмендеуі байқалады. Бұған себеп — ата-бабалардан қалған рухани мұра мен ұлттық дәстүрлердің ұмытылып, заман талабына сәйкес жаңармай келуі. Отбасында балаларға ұлттық тәрбие беру және оларды адамгершілікке тәрбиелеу міндеті аса маңызды.

**Халық даналығы мен ұлттық тәрбие**

Қазақтың ұлы ғалымдары мен ойшылдары ұлттық тәрбие мен отбасы құндылықтары мәселесіне ерекше назар аударған. Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Абай Құнанбайұлы сияқты ғұламалардың шығармалары мен ой-тұжырымдары қазіргі заман үшін де маңызды.Әбу Насыр әл-Фараби адамгершілік, ізгілік және білімге деген көзқарастарын өз еңбектерінде ерекше атап өткен. Ол ұрпақ тәрбиесінде білімнің, ақылдың және моральдың маңызын сөз еткен. Әл-Фарабидің пікірінше, тәрбие — бұл адамды жан-жақты дамытып, оның ақыл-ойын жетілдіруге бағытталған процесс. Білім алу мен адамгершілік қасиеттердің қалыптасуы, оның ойынша, әр адамның қоғамда сіңіруі қажет басты міндеті.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі». Әбу Насыр Әл-Фараби

Қожа Ахмет Яссауи де тәрбиені адамгершілікті және моральды қалыптастырудың басты құралы ретінде қарастырып, әрбір адам өзін-өзі жетілдіріп, қоғамға пайдалы болуға тиіс деген тұжырымды алға тартты. Яссауидің ілімі бойынша, ұлттық тәрбие адамның жанын, ақылын және жүрегін тазарту, оны адалдыққа, сабырлыққа, шындыққа тәрбиелеу қажет.

Абай Құнанбайұлы, өз кезегінде, қазақ халқының ұлттық дәстүрлері мен тәрбиесінің маңыздылығына ерекше көңіл бөлген. Абайдың шығармаларында адамның адами қасиеттері, ар-ождан, мораль мен білімнің маңыздылығы, адамгершілікке тәрбиелеу мәселелері кеңінен сөз болады. Оның «Адам болам десеңіз» деген өлеңі мен философиялық ойлары бүгінгі күні де өзекті.

Шәкәрім Құдайбердіұлының философиялық көзқарастары мен шығармалары да ұлттық тәрбие мен отбасы құндылықтарын қалыптастырудағы терең маңызы бар. Шәкәрім адамгершілік, әділеттілік, адалдық туралы жазған еңбектерінде тәрбие мен моральдың қоғам өмірінде қаншалықты маңызды екенін көрсеткен.Қазақ халқының ұлттық тәрбие жүйесінің негізі оның даналығында жатыр. Қазақтың мақал-мәтелдері, нақыл сөздері мен аңыздары - халықтың рухани қазынасы. Бұл даналық ұрпаққа тек өмірлік тәжірибені ғана емес, сонымен қатар адами құндылықтарды, мәдениетті, адамгершілік нормаларын да үйретеді.Мысалы, «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген қазақ мақалында отбасының балаға көрсететін үлгі-өнегесі мен тәрбиесінің маңызы баса айтылған. Бұл сөздің мағынасы бала тәрбиесінде ата-ана мен отбасының рөлі қандай маңызды болса, оның қоғамдағы болашақтағы орны да соншалықты маңызды екенін білдіреді.

«Балаңды – өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген халық даналығы отбасының балаға беретін тәрбиесімен қатар, қоғамның да тәрбиелік рөлін көрсетеді. Осыдан келіп, ұлттық тәрбие тек отбасы шеңберінде ғана емес, бүкіл қоғамның, мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылуы керек деген тұжырым туындайды. Әсіресе, қазіргі қоғамда бұл мәселенің маңызы арта түсуде, себебі отбасында берілетін тәрбие мен қоғамның үлгі-өнегесі арасында тығыз байланыс бар.

Қазіргі қоғамдағы отбасы құндылықтары мен ұлттық тәрбие мәселелері

Қазіргі заманғы қоғамның өзгерістері, жаһанданудың әсері, қалалық мәдениеттің дамуымен қатар отбасы құндылықтарына қатысты көптеген мәселелер туындап отыр. Жастар арасында рухани құндылықтарға, адамгершілікке, ұлттық дәстүрлерге деген қызығушылықтың төмендеуі байқалады. Интернеттің, ғаламтор мен әлеуметтік желілердің ықпалы, мәдениеттердің араласуы жастардың ұлттық тәрбие мен отбасы құндылықтарын түсінуіне кедергі келтіруде.

Қазіргі кезде отбасы құндылықтарының бұзылуы, ажырасу санының артуы, ата-аналар мен балалар арасындағы түсініспеушіліктер ұлттық тәрбиеге теріс әсер етуде. Бұл қоғамда ұлттық тәрбие мен отбасы құндылықтарының маңызын қайтадан еске түсіруді талап етеді. Бұл мәселе тек қана отбасы саласында ғана емес, бүкіл қоғамның әлеуметтік тұрғыдан дамуы мен тұрақтылығына әсер етеді.

Ұлттық тәрбие мен отбасы құндылықтарын қайта жаңғырту — бірқатар жүйелі шараларды талап ететін күрделі процесс. Бұл мәселеге мемлекет деңгейінде де, жеке отбасы мен қоғам деңгейінде де жауапкершілікпен қарау қажет. Әсіресе, қоғамның жаһандану кезеңінде мәдениетаралық алмасу, жаңа ақпараттық технологиялар мен өзге де факторлардың әсерінен ұлттық құндылықтарымыздың сақталуына ерекше мән беру керек. Жаһандану мен технологиялық дамудың ықпалына қарсы тұрып, өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтап, оларды келешек ұрпаққа жеткізу өте маңызды. Осы бағытта бірнеше маңызды аспектілерді атап өтуге болады.

**1. Өркениеттік алмасу мен мәдени интеграция.**

Жаһандану кезеңінде ұлттық ерекшелігімізді сақтай отырып, басқа мәдениеттермен үйлесімді өмір сүруге үйрену керек. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбие мен дәстүрлерін, ұлттық құндылықтарын сақтау — тек мәдениетіміздің амандығын қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар жаһандық өркениетке интеграцияланудың маңызды қадамы. Мәдениетаралық байланыстар мен алмасуларды дамыту арқылы біз өз ұлттық мәдениетімізді әлемге танытуға мүмкіндік аламыз. Бұл үшін мектептер мен жоғары оқу орындарында халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті білім беру жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ өз тілімізде жазылған ғылыми және әдеби еңбектерді әлемге тарату маңызды.

**2. Цифрлық заманда ұлттық тәрбие және оның жаңа тәсілдері.**

Цифрлық дәуірде ақпараттың ағымы және әлеуметтік желілердің белсенді даму әсері жастардың дүниетанымына терең ықпал етіп отыр. Бұл өзгерістер ұлттық тәрбие мен отбасы құндылықтарын насихаттау тәсілдерін жаңартуды талап етеді. Заманауи технологияларды қолдана отырып, балалар мен жастар арасында ұлттық тәрбиені тиімді жеткізу үшін түрлі онлайн-курстар, вебинарлар, әлеуметтік желілердегі білім беру контенті мен мобильді қосымшалар қажет. Әрине, бұл жерде негізгі мәселе — дұрыс контент пен ақпараттың сапасы. Мысалы, ұлттық өнерді, тіл мен әдебиетті насихаттайтын платформаларды құру, қазақ халқының дәстүрлеріне, тарихына байланысты танымдық видеолар мен мақалалар тарату — тәрбие жүйесін цифрлық платформаға бейімдеу жолдарының бірі.

**3. Отбасы тәрбиесінің заманауи әдістері.**

Отбасы — тәрбие мен құндылықтардың берілуі үшін ең маңызды ұя. Алайда бүгінгі күні көп отбасыларда экономикалық қиындықтар мен уақыт тапшылығы балаларға жеткілікті назар аударуға кедергі келтіруде. Осыған байланысты, қазіргі заманғы отбасы тәрбиесінің әдістері жаңаша көзқарас пен тәсілді қажет етеді. Мысалы, ата-аналарға арналған педагогикалық семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру, балаларды ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерге бағытталған арнайы жаттығулар мен ойындар арқылы тәрбиелеу, отбасы мүшелері арасында өзара түсіністік пен сыйластықты нығайтуға арналған іс-шаралар ұйымдастыру маңызды. Отбасындағы әрбір мүшенің рөлі мен жауапкершілігі айқындалып, өзара қолдау мен ынтымақтастықты нығайту үшін арнайы бағдарламалар мен оқу курстарын енгізу қажет.

**4. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы патриотизмді қалыптастыру.**

Ұлттық тәрбие жүйесінің басты міндеттерінің бірі — жастардың бойында патриотизм сезімін қалыптастыру. Бұл өз кезегінде ұлттың рухани-мәдени дамуына, оның болашағының жарқын болуына әсер етеді. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы ұрпақтың патриоттық санасын қалыптастыру — ұлттың бірлігі мен тұтастығын қамтамасыз етеді. Мектептерде патриотизмді дәріптеу үшін арнайы сабақтар, жобалар мен іс-шаралар ұйымдастыру, жастар арасында Қазақстанның тарихы мен мәдениетін зерттеу, ұлттық спорт түрлеріне қызығушылықты арттыру, қазақ халқының ұлы тұлғалары мен батырларын үлгі ету осы бағыттағы басты қадамдар болуы мүмкін.

**5. Қоғамдық пікірді қалыптастыру және отбасы тәрбиесінің маңызын насихаттау.**

Қоғамда отбасы тәрбиесі мен ұлттық құндылықтардың маңызына қатысты пікірталастар мен талқылауларды ұйымдастыру, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ұлттық тәрбиенің маңыздылығын халыққа түсіндіру маңызды. Мысалы, телеарналар мен радиостанциялар арқылы ұлттық тәрбие мен отбасындағы құндылықтарды насихаттайтын бағдарламаларды көбейту, арнайы тақырыптық хабарлар мен фильмдер шығару керек. Бұған қоса, газеттер мен журналдарда отбасылық мәселелер, ұлттық тәрбие мен моральдық құндылықтар туралы мақала жазу, сондай-ақ қоғамдық пікір жетекшілері мен атақты тұлғалардың бұл мәселеге қатысты ойларын жариялау — үлкен маңызға ие.

**6. Ұрпақтар арасындағы байланысты нығайту.**

Қазіргі қоғамда үлкендер мен жастар арасындағы байланыс сирек кездесетін құбылысқа айналғандай. Көптеген жастар ата-бабаларымыздың дәстүрлері мен құндылықтарын ұмытып, жаһанданудың ықпалымен өмір сүреді. Осы жағдайда ұрпақтар арасындағы байланысты нығайту арқылы ұлттық құндылықтарды сақтауға мүмкіндік бар. Ата-аналар жастарға өздерінің өмірлік тәжірибелері мен даналықтарын жеткізіп, ұлттық тәрбие мен тәрбиелік мұраларды сабақтастыра алады. Бұл үшін арнайы ұрпақтар арасындағы байланыс орнататын іс-шараларды ұйымдастыру, әжелер мен аталардан ұрпаққа ұлттық әдет-ғұрыптар мен тұрмыс салты туралы әңгімелер тыңдату тиімді болар еді.

**Ұлттық тәрбие мен отбасы құндылықтары — қоғамның мәдени негізін сақтап қалатын маңызды тіректердің бірі. Жаһанданған заманда ұлттық мұраны қорғау, ұлттық рухты нығайту, отбасылық құндылықтарды дәріптеу арқылы біз өзіміздің тәуелсіздігімізді, мәдениетімізді және ұлттық бірегейлігімізді сақтап қаламыз. Осы мақсатта барлық деңгейде, соның ішінде мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар, білім беру мекемелері мен әрбір жеке тұлға ұлттық тәрбиенің маңызын сезініп, оған атсалысуы керек. Ұлттық тәрбие жүйесінің дамуы тек болашақ ұрпақтың рухани дамуына емес, еліміздің әлеуметтік және мәдени дамуына да оң әсерін тигізеді. Біздің міндетіміз — ұлттық құндылықтарды болашақ ұрпаққа жеткізіп, оларды жоғары адамгершілік пен мәдениетке тәрбиелеу.**

**RUX kz. сайтынан алынды**

## Хабарландыру

MIRYILDIZ KZ Ltd ЖК, ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес 2026 жылғы 13 ақпан, сағ 11:30-де, Абай облысы, Абай ауданы, Сарыжал ауылдық округі, Сарыжал ауылы, Кәбер Қайырханов 14 (Мәдениет үйі). мекенжайлары. «2025 жылғы 05 маусымдағы №3344-EL барлау лицензиясы бойынша арналған Абай облысындағы №3344 учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына» ықтимал әсерлер туралы есеп.» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізеді.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында, сондай-ақ ЖАО «https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында, сондай-ақ prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме https://us04web.zoom.us/j/9168292148?pwd=QXhkdWgwOHUvNG1kN0lUUmtjb1ZWdz09 немесе конференция идентификаторы: 916 829 2148. Кіру коды: 6n71D5.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады ecoproject.company@bk.ru және + 7 (702) 557 40 58 телефондары бойынша алуға болады.

Ұсынылған қызмет түрінің операторы: MIRYILDIZ KZ Ltd ЖК, БСН: 240940901105, , Астана қ., Есіл а., Сығанақ көш., 43 ғим., 2г т.е.б., тел: +7 777 906 66 66

Жобаны әзірлеуші: «Eco Project Company» ЖШС, БСН: 200540023731, Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ. А., Ақтөбе қ.., Тургенева 3В, және тел- + 7 (702) 557 40 58 .

Әсер ету аумағы: №3344 учаскесі - Абай облысы, Абай ауданы, Сарыжал а. о., Сарыжал а.

Учаскенің географиялық координаттары: №3344 учаскесі 49°54'0.00 " с.ш. 78°46'0.00" в.д.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Сарыжал ауылы 49°36'02.23" с.ш. 78°44'17.72" в.д.

## Объявление

ЧК MIRYILDIZ KZ Ltd., в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 11 час 30 мин. 13 февраля 2026 года по адресу: область Абай, Абайский район, Сарыжалский с.о., с.Сарыжал, ул. Кәбер Қайырханов 14 (дом культуры), состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Отчет о возможных воздействиях к ПЛАНУ РАЗВЕДКИ Твердых полезных ископаемых на участке в области Абай по Лицензии на разведку №3344-EL от 05 июня 2025 года.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, а также сайте МИО «https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat».

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, а также prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка проводимых общественных слушаний https://us04web.zoom.us/j/9168292148?pwd=QXhkdWgwOHUvNG1kN0lUUmtjb1ZWdz09 или Идентификатор конференции: 916 829 2148 Код доступа: 6n71D5.

Дополнительную информацию можно получить по адресу: ecoproject.company@bk.ru и по телефонам + 7 (702) 557 40 58.

Оператор намечаемой деятельности ЧК MIRYILDIZ KZ Ltd: БИН: 240940901105, город Астана, район Есиль, ул. Сығанақ, Зд. 43, н.п. 2г, тел: +7 777 906 66 66

Разработчик проекта: ТОО «Eco Project Company», БИН: 200540023731, Актюбинская область, Актобе г.а., г. Актобе, Тургенева 3В, тел: +7 (702) 557 40 58.

Территория воздействия: участок разведки №3344 - область Абай, Абайский район, Сарыжалский с.о., с.Сарыжал.

Географические координаты участка: участок разведки №3344, 49°54'0.00 " с.ш. 78°46'0.00" в.д.

Географические координаты территории воздействия: село Сарыжал 49°36'02.23" с.ш. 78°44'17.72" в.д.

## Хабарландыру

MIRYILDIZ KZ Ltd ЖК, ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес 2026 жылғы 13 ақпан, сағ 12:00-де, Абай облысы, Абай ауданы, Сарыжал ауылдық округі, Сарыжал ауылы, Кәбер Қайырханов 14 (Мәдениет үйі). мекенжайлары « «2025 жылғы 05 маусымдағы №3344-EL барлау лицензиясы бойынша арналған Абай облысындағы №3344 учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына» КОРБ, РЕТН, ҚББ, ӨЭББ, ІсЖ» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізеді

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында, сондай-ақ ЖАО «https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында, сондай-ақ prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме https://us04web.zoom.us/j/9168292148?pwd=QXhkdWgwOHUvNG1kN0lUUmtjb1ZWdz09 немесе конференция идентификаторы: 916 829 2148. Кіру коды: 6n71D5.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады ecoproject.company@bk.ru және + 7 (702) 557 40 58 телефондары бойынша алуға болады.

Ұсынылған қызмет түрінің операторы: MIRYILDIZ KZ Ltd ЖК, БСН: 240940901105, , Астана қ., Есіл а., Сығанақ көш., 43 ғим., 2г т.е.б., тел: +7 777 906 66 66

Жобаны әзірлеуші: «Eco Project Company» ЖШС, БСН: 200540023731, Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ. А., Ақтөбе қ.., Тургенева 3В, және тел- + 7 (702) 557 40 58 .

Әсер ету аумағы: №3344 учаскесі - Абай облысы, Абай ауданы, Сарыжал а. о., Сарыжал а.

Учаскенің географиялық координаттары: №3344 учаскесі 49°54'0.00 " с.ш. 78°46'0.00" в.д.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Сарыжал ауылы 49°36'02.23" с.ш. 78°44'17.72" в.д.

## Объявление

ЧК MIRYILDIZ KZ Ltd., в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 12 час 00 мин. 13 февраля 2026 года по адресу: область Абай, Абайский район, Сарыжалский с.о., с.Сарыжал, ул. Кәбер Қайырханов 14 (дом культуры), состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «РООС, НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ для ПЛАНА РАЗВЕДКИ Твердых полезных ископаемых на участке в области Абай по Лицензии на разведку №3344-EL от 05 июня 2025 года.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, а также сайте МИО «https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat».

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, а также prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка проводимых общественных слушаний https://us04web.zoom.us/j/9168292148?pwd=QXhkdWgwOHUvNG1kN0lUUmtjb1ZWdz09 или Идентификатор конференции: 916 829 2148 Код доступа: 6n71D5.

Дополнительную информацию можно получить по адресу: ecoproject.company@bk.ru и по телефонам + 7 (702) 557 40 58.

Оператор намечаемой деятельности ЧК MIRYILDIZ KZ Ltd: БИН: 240940901105, город Астана, район Есиль, ул. Сығанақ, Зд. 43, н.п. 2г, тел: +7 777 906 66 66

Разработчик проекта: ТОО «Eco Project Company», БИН: 200540023731, Актюбинская область, Актобе г.а., г. Актобе, Тургенева 3В, тел: +7 (702) 557 40 58.

Территория воздействия: участок разведки №3344 - область Абай, Абайский район, Сарыжалский с.о., с.Сарыжал.

Географические координаты участка: участок разведки №3344, 49°54'0.00 " с.ш. 78°46'0.00" в.д.

Географические координаты территории воздействия: село Сарыжал 49°36'02.23" с.ш. 78°44'17.72" в.д.

## Хабарландыру

MIRYILDIZ KZ Ltd ЖК, ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес 2026 жылғы 13 ақпан, сағ 11:00-де, Абай облысы, Абай ауданы, Сарыжал ауылдық округі, Сарыжал ауылы, Кәбер Қайырханов 14 (Мәдениет үйі). мекенжайлары « «2025 жылғы 05 қаңтардағы №3079-EL барлау лицензиясы бойынша арналған Абай облысындағы Жиде учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына» КОРБ, РЕТН, ҚББ, ӨЭББ, ІсЖ» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізеді

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында, сондай-ақ ЖАО «https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында, сондай-ақ prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме https://us04web.zoom.us/j/9168292148?pwd=QXhkdWgwOHUvNG1kN0lUUmtjb1ZWdz09 немесе конференция идентификаторы: 916 829 2148. Кіру коды: 6n71D5.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады ecoproject.company@bk.ru және + 7 (702) 557 40 58 телефондары бойынша алуға болады.

Ұсынылған қызмет түрінің операторы: MIRYILDIZ KZ Ltd ЖК, БСН: 240940901105, , Астана қ., Есіл а., Сығанақ көш., 43 ғим., 2г т.е.б., тел: +7 777 906 66 66

Жобаны әзірлеуші: «Eco Project Company» ЖШС, БСН: 200540023731, Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ. А., Ақтөбе қ.., Тургенева 3В, және тел- + 7 (702) 557 40 58 .

Әсер ету аумағы: Жиде учаскесі - Абай облысы, Абай ауданы, Сарыжал а. о., Сарыжал а.

Учаскенің географиялық координаттары: Жиде учаскесі 49°49'0.00" с.ш. 79° 21'0.00" в.д.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Сарыжал ауылы 49°36'02.23" с.ш. 78°44'17.72" в.д.

## Объявление

ЧК MIRYILDIZ KZ Ltd., в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 11 час 00 мин. 13 февраля 2026 года по адресу: область Абай, Абайский район, Сарыжалский с.о., с.Сарыжал, ул. Кәбер Қайырханов 14 (дом культуры), состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «РООС, НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ для ПЛАНА РАЗВЕДКИ Твердых полезных ископаемых на участке в области Абай по Лицензии на разведку №3079-EL от 05 января 2025 года.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, а также сайте МИО «https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat».

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, а также prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка проводимых общественных слушаний https://us04web.zoom.us/j/9168292148?pwd=QXhkdWgwOHUvNG1kN0lUUmtjb1ZWdz09 или Идентификатор конференции: 916 829 2148 Код доступа: 6n71D5.

Дополнительную информацию можно получить по адресу: ecoproject.company@bk.ru и по телефонам + 7 (702) 557 40 58.

Оператор намечаемой деятельности ЧК MIRYILDIZ KZ Ltd: БИН: 240940901105, город Астана, район Есиль, ул. Сығанақ, Зд. 43, н.п. 2г, тел: +7 777 906 66 66

Разработчик проекта: ТОО «Eco Project Company», БИН: 200540023731, Актюбинская область, Актобе г.а., г. Актобе, Тургенева 3В, тел: +7 (702) 557 40 58.

Территория воздействия: участок разведки Жиде - область Абай, Абайский район, Сарыжалский с.о., с.Сарыжал.

Географические координаты участка: участок разведки Жиде, 49°49'0.00" с.ш. 79° 21'0.00" в.д.

Географические координаты территории воздействия: село Сарыжал 49°36'02.23" с.ш. 78°44'17.72" в.д.

## Хабарландыру

«Тарбағатай кені» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 02 ақпанда 11 сағ. 30 минутта Абай облысы, Аягөз ауданы, Тарбағатай а.о., Тарбағатай ауылы, Өкпеті көшесі, 3А ғимараты, Әкімдік мекенжайында 20 (жиырма) блок– L-44-7-(10а-5б-13) (ішінара), L-44-7-(10а-5б-14) (ішінара), L-44-7-(10а-5б-18), L-44-7-(10а-5б-19), L-44-7-(10а-5б-20), L-44-7-(10а-5б-23), L-44-7-(10а-5б-24), L-44-7-(10а-5б-25), L-44-7-(10а-5г-4), L-44-7-(10а-5г-5), L-44-7-(10а-5г-10) (ішінара), L-44-7-(10б-5а-16), L-44-7-(10б-5а-21), L-44-7-(10б-5а-22), L-44-7-(10б-5в-1), L-44-7-(10б-5в-2), L-44-7-(10б-5в-3), L-44-7-(10б-5в-6) (ішінара), L-44-7-(10б-5в-7) (ішінара), L-44-7-(10б-5в-8) (ішінара), (Батпақ учаскесі), Абай облысы, жер қойнауы учаскесінің Қатты пайдалы қазбаларын барлау жоспарына Ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында https://ndbecology.gov.kz және ЖАО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдауларды өткізу күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында https://ndbecology.gov.kz қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың белсенді сілтемесі https://us06web.zoom.us/j/9349720393?pwd=bXN0YVkwd0pyQkQxbFdvMnlTa0lmdz09

Конференция идентификаторы: 934 972 0393. Қолжеткізу коды: 4rtj3.

Қосымша ақпаратты келесі электрондық мекенжайлар мен телефондар арқылы алуға болады: sema-200992@mail.ru. және + 77773177502.

Көзделіп отырған қызметтің операторы: «Тарбағатай кені» ЖШС

Астана қаласы, Д.Қонаев к-сі, № 10 ғимарат. ЖСН 2406400322533. тел.: +7(777)-629-92-29

Жобаны әзірлеуші: «ECO project of city» ЖШС, Павлодар қаласы, Гагарин к-сі 76/61, тел: 87773177502. Эл.мекенжай: sema-200992@mail.ru.

Әсер ету аймағы: Абай облысы

Кен орнының географиялық координаттары:

1 Нүкте. СЕ 47.58.0. ШБ 81.7.0; 2 Нүкте. СЕ 47.58.0. ШБ 81.9.0.;3 Нүкте. СЕ 47.57.0. ШБ 81.9.0.; 4 Нүкте. СЕ 47.57.0. ШБ 81.11.0.; 5 Нүкте. СЕ 47.56.0. ШБ 81.11.0.; 6 Нүкте. СЕ 47.56.0. ШБ 81.12.0.; 7 Нүкте. СЕ 47.55.0. ШБ 81.12.0.; 8 Нүкте. СЕ 47.55.0. ШБ 81.13.0.; 9 Нүкте. СЕ 47.53.0. ШБ 81.13.0.; 10 Нүкте. СЕ 47.53.0. ШБ 81.9.0.; Әсер ету аймағының географиялық координаттары:

1 Нүкте. СЕ 47.58.0. ШБ 81.7.0; 2 Нүкте. СЕ 47.58.0. ШБ 81.9.0.;3 Нүкте. СЕ 47.57.0. ШБ 81.9.0.; 4 Нүкте. СЕ 47.57.0. ШБ 81.11.0.; 5 Нүкте. СЕ 47.56.0. ШБ 81.11.0.; 6 Нүкте. СЕ 47.56.0. ШБ 81.12.0.; 7 Нүкте. СЕ 47.55.0. ШБ 81.12.0.; 8 Нүкте. СЕ 47.55.0. ШБ 81.13.0.; 9 Нүкте. СЕ 47.53.0. ШБ 81.13.0.; 10 Нүкте. СЕ 47.53.0. ШБ 81.9.0.;

## Объявление

ТОО «Тарбагатай кени»», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, сообщает, что в 11 час 30 мин. 02 февраля 2026 года по адресу: область Абай, Аягозский район, Тарбагатайский с.о, с.Тарбагатай, улица Окпеты, здание 3А, Акимат, состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях на План разведки твердых полезных ископаемых участка недр: 20 (двадцать) блоков– L-44-7-(10а-5б-13) (частично), L-44-7-(10а-5б-14) (частично), L-44-7-(10а-5б-18), L-44-7-(10а-5б-19), L-44-7-(10а-5б-20), L-44-7-(10а-5б-23), L-44-7-(10а-5б-24), L-44-7-(10а-5б-25), L-44-7-(10а-5г-4), L-44-7-(10а-5г-5), L-44-7-(10а-5г-10) (частично), L-44-7-(10б-5а-16), L-44-7-(10б-5а-21), L-44-7-(10б-5а-22), L-44-7-(10б-5в-1), L-44-7-(10б-5в-2), L-44-7-(10б-5в-3), L-44-7-(10б-5в-6) (частично), L-44-7-(10б-5в-7) (частично), L-44-7-(10б-5в-8) (частично) (участок Батпак), область Абай.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов https://ndbecology.gov.kz , а также сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов https://ndbecology.gov.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка проводимых общественных слушаний https://us06web.zoom.us/j/9349720393?pwd=bXN0YVkwd0pyQkQxbFdvMnlTa0lmdz09

Идентификатор конференции: 934 972 0393. Код доступа: 4rtj3.

Дополнительную информацию можно получить по адресу sema-200992@mail.ru. и по телефонам + 77773177502.

Оператор намечаемой деятельности: ТОО «Тарбагатай кени»»

г. Астана, ул. Д.Конаева зд.№10. БИН 2406400322533. тел.: +7(777)-629-92-29

Разработчик проекта: ТОО «ECO project of city», г.Павлодар, ул.Гагарина 76/61, тел: 87773177502. Эл.адрес:sema-200992@mail.ru.

Территория воздействия: область Абай

Географические координаты месторождения:

1 Точка.СШ 47.58.0. ВД 81.7.0; 2 Точка. СШ 47.58.0. ВД 81.9.0.;3 Точка. СШ 47.57.0. ВД 81.9.0.; 4 Точка.СШ 47.57.0. ВД 81.11.0.; 5 Точка. СШ 47.56.0. ВД 81.11.0.; 6 Точка. СШ 47.56.0. ВД 81.12.0.; 7 Точка. СШ 47.55.0. ВД 81.12.0.; 8 Точка. СШ 47.55.0. ВД 81.13.0.; 9 Точка. СШ 47.53.0. ВД 81.13.0.; 10 Точка. СШ 47.53.0. ВД 81.9.0.; Географические координаты территории воздействия:

1 Точка.СШ 47.58.0. ВД 81.7.0; 2 Точка. СШ 47.58.0. ВД 81.9.0.;3 Точка. СШ 47.57.0. ВД 81.9.0.; 4 Точка.СШ 47.57.0. ВД 81.11.0.; 5 Точка. СШ 47.56.0. ВД 81.11.0.; 6 Точка. СШ 47.56.0. ВД 81.12.0.; 7 Точка. СШ 47.55.0. ВД 81.12.0.; 8 Точка. СШ 47.55.0. ВД 81.13.0.; 9 Точка. СШ 47.53.0. ВД 81.13.0.; 10 Точка. СШ 47.53.0. ВД 81.9.0.;

## Хабарландыру

"Тарбағатай кені" ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 06 ақпанда 12 сағ. 00 минутта Абай облысы, Ақсуат ауданы, Ақсуат а.о., Ақсуат ауылы, Төлегетай баба к-сі, 1, мекенжайында 11 (он бір) блок–L-44-21-(10в-5б-21) (ішінара), L-44-21-(10в-5б-22), L-44-21-(10в-5б23) (ішінара), L-44-21-(10в-5б-24) (ішінара), L-44-21-(10в-5г-1), L-44-21-(10в-5г-2), L-44-21-(10в-5г-3), L-44-21-(10в-5г-6), L-44-21-(10в-5г-7), L-44-21-(10в-5г-8) (ішінара), L-44-21-(10в-5г-11) (ішінара) (Жаназар учаскесі), Абай облысы, жер қойнауы учаскесінің Қатты пайдалы қазбаларын барлау жоспарына Ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында https://ndbecology.gov.kz және ЖАО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдауларды өткізу күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында https://ndbecology.gov.kz қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың белсенді сілтемесі https://us06web.zoom.us/j/9349720393?pwd=bXN0YVkwd0pyQkQxbFdvMnlTa0lmdz09

Конференция идентификаторы: 934 972 0393. Қолжеткізу коды: 4rtj3.

Қосымша ақпаратты келесі электрондық мекенжайлар мен телефондар арқылы алуға болады: sema-200992@mail.ru. және + 77773177502.

Көзделіп отырған қызметтің операторы: "Тарбағатай кені" ЖШС

Астана қаласы, Д.Қонаев к-сі, № 10 ғимарат. ЖСН 2406400322533. тел.: +7(777)-629-92-29

Жобаны әзірлеуші: «ECO project of city» ЖШС, Павлодар қаласы, Гагарин к-сі 76/61, тел: 87773177502. Эл.мекенжай: sema-200992@mail.ru.

Әсер ету аймағы: Абай облысы

Кен орнының географиялық координаттары:

1 Нүкте СЕ. 47. 36. 0. ШБ 82.25.0.; 2 Нүкте СЕ.47. 36. 0.ШБ 82.29.0.; 3 Нүкте СЕ.47. 35.0. ШБ 82.29.0.; 4 Нүкте СЕ.47. 35.0. ШБ 82.28.0.; 5 Нүкте СЕ.47. 33.0. ШБ 82.28.0.; 6 Нүкте СЕ.47. 33.0 ШБ 82.26.0.; 7 Нүкте СЕ.47. 32.0. ШБ 82.26.0.; 8 Нүкте СЕ.47. 32.0. ШБ 82.25. 0.;

Әсер ету аймағының географиялық координаттары:

1 Нүкте СЕ. 47. 36. 0. ШБ 82.25.0.; 2 Нүкте СЕ.47. 36. 0.ШБ 82.29.0.; 3 Нүкте СЕ.47. 35.0. ШБ 82.29.0.; 4 Нүкте СЕ.47. 35.0. ШБ 82.28.0.; 5 Нүкте СЕ.47. 33.0. ШБ 82.28.0.; 6 Нүкте СЕ.47. 33.0 ШБ 82.26.0.; 7 Нүкте СЕ.47. 32.0. ШБ 82.26.0.; 8 Нүкте СЕ.47. 32.0. ШБ 82.25. 0.;

## Объявление

ТОО "Тарбагатай кени"", в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, сообщает, что в 12 час 00 мин. 06 февраля 2026 года по адресу: область Абай, район Ақсуат, Аксуатский с.о., с.Аксуат, улица Толегетай баба, 1, состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях на План разведки твердых полезных ископаемых участка недр: 11 (одиннадцать) блоков–L-44-21-(10в-5б-21) (частично), L-44-21-(10в-5б-22), L-44-21-(10в-5б23) (частично), L-44-21-(10в-5б-24) (частично), L-44-21-(10в-5г-1), L-44-21-(10в-5г-2), L-44-21-(10в-5г-3), L-44-21-(10в-5г-6), L-44-21-(10в-5г-7), L-44-21-(10в-5г-8) (частично), L-44-21-(10в-5г-11) (частично) (участок Жаназар), область Абай.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов https://ndbecology.gov.kz , а также сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов https://ndbecology.gov.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка проводимых общественных слушаний https://us06web.zoom.us/j/9349720393?pwd=bXN0YVkwd0pyQkQxbFdvMnlTa0lmdz09

Идентификатор конференции: 934 972 0393. Код доступа: 4rtj3.

Дополнительную информацию можно получить по адресу sema-200992@mail.ru. и по телефонам + 77773177502.

Оператор намечаемой деятельности: ТОО "Тарбагатай кени""

г. Астана, ул. Д.Конаева зд.№10. БИН 2406400322533. тел.: +7(777)-629-92-29

Разработчик проекта: ТОО «ECO project of city», г.Павлодар, ул.Гагарина 76/61, тел: 87773177502. Эл.адрес:sema-200992@mail.ru.

Территория воздействия: область Абай

Географические координаты месторождения:

1 Точка СШ. 47. 36. 0. ВД 82.25.0.; 2 Точка СШ.47. 36. 0.ВД 82.29.0.; 3 Точка СШ.47. 35.0. ВД 82.29.0.; 4Точка СШ.47. 35.0. ВД 82.28.0.; 5 Точка СШ.47. 33.0. ВД 82.28.0.; 6 Точка СШ.47. 33.0 ВД 82.26.0.; 7 Точка СШ.47. 32.0. ВД 82.26.0.; 8 Точка СШ.47. 32.0. ВД 82.25. 0.;

Географические координаты территории воздействия:

1 Точка СШ. 47. 36. 0. ВД 82.25.0.; 2 Точка СШ.47. 36. 0.ВД 82.29.0.; 3 Точка СШ.47. 35.0. ВД 82.29.0.; 4Точка СШ.47. 35.0. ВД 82.28.0.; 5 Точка СШ.47. 33.0. ВД 82.28.0.; 6 Точка СШ.47. 33.0 ВД 82.26.0.; 7 Точка СШ.47. 32.0. ВД 82.26.0.; 8 Точка СШ.47. 32.0. ВД 82.25. 0.;




### Қаңтар

| Дс | Сс | Ср | Бс | Жм | Сн | Жк |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 |
| 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 |
| 26 | 27 | 28 | 29 | 30 | 31 | |

### Ақпан

| Дс | Сс | Ср | Бс | Жм | Сн | Жк |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | 1 |
| 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 |
| 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | |

### Наурыз

| Дс | Сс | Ср | Бс | Жм | Сн | Жк |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | 1 |
| 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 |
| 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 |
| 30 | 31 | | | | | |

### Сәуір

| Дс | Сс | Ср | Бс | Жм | Сн | Жк |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 |
| 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 |
| 27 | 28 | 29 | 30 | | | |

### Мамыр

| Дс | Сс | Ср | Бс | Жм | Сн | Жк |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 1 | 2 | 3 |
| 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |
| 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 |
| 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 | 31 |

### Маусым

| Дс | Сс | Ср | Бс | Жм | Сн | Жк |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 |
| 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 |
| 29 | 30 | | | | | |

### Шілде

| Дс | Сс | Ср | Бс | Жм | Сн | Жк |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 |
| 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 |
| 27 | 28 | 29 | 30 | 31 | | |

### Тамыз

| Дс | Сс | Ср | Бс | Жм | Сн | Жк |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 1 | 2 |
| 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |
| 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 |
| 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 |
| 31 | | | | | | |

### Қыркүйек

| Дс | Сс | Ср | Бс | Жм | Сн | Жк |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 |
| 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 |
| 28 | 29 | 30 | | | | |

### Қазан

| Дс | Сс | Ср | Бс | Жм | Сн | Жк |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 |
| 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 |
| 26 | 27 | 28 | 29 | 30 | 31 | |

### Қараша

| Дс | Сс | Ср | Бс | Жм | Сн | Жк |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | 1 |
| 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 |
| 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 |
| 30 | | | | | | |

### Желтоқсан

| Дс | Сс | Ср | Бс | Жм | Сн | Жк |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 |
| 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 |
| 28 | 29 | 30 | 31 | | | |

**7 қаңтар** - Рождество мерекесі
**8 наурыз** - Халықаралық әйелдер күні
**21-23 наурыз** - Наурыз мейрамы
**1 мамыр** - Қазақстан халқының бірлігі күні
**7 мамыр** Отан қорғаушылар күні
**9 мамыр** - Жеңіс күні
**6 маусым** - Құрбан айт мерекесінің бірінші күні
**6 шілде** - Астана күні
**30 тамыз** - Ата заң күні
**25 қазан** - Республика күні
**16 желтоқсан** - Тәуелсіздік күні

## Жылқы жылының сипаттамасы

Жылқы жылы – еркіндік пен серпілістің жылы. Бұл жыл қозғалысты, ізденісті және адал еңбекті қолдайды. Батыл қадам жасап, мақсатына нық жүрген адамға мүмкіндік пен береке серік болады. Жылқы жылы жаңару мен алға ұмтылуға жол ашады.

### Жылқыға қатысты қазақтың нанымы

Қазақ халқы жылқыны киелі жануар деп таныған. Сондықтан жылқы жылы береке, қозғалыс пен еркіндікке толы жыл саналған. Жылқы жылында жол ашылады — көш, сапар, сауда және жаңа бастамалар сәтті болады деп сенген. Бұл жылы еңбек еткен адам ырысқа кенеледі, жалқаулық жақсылық әкелмейді деп есептелген. Жылқы жылы жылдам шешім мен батылдықты талап етеді, қорқақтық пен кейінге қалдыру қолайсыз саналған. Ел ішінде бұл жыл жаңару мен өзгеріс жылы деп қабылданған.

- Жылқы мінезді адам — адал, еркін, қайсар болады деп ырымдаған.

Abai eli

"Abai eli"
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Абай аудандық
қоғамдық - саяси апталық газет

Құрылтайшысы:
"Abai eli" ЖШС Директор - Бас редактор
АКРАМ Жібек ЖАНАРБЕКҚЫЗЫ
Жауапты хатшы Анар СӘРСЕНБИНА
Журналист Жазира ҚАЖЫҚЫЗЫ
Дизайнер Жансая СОВЕТБЕКОВА
Редакцияның мекен-жайы:
180014 Қарауыл ауылы,
Құнанбай көшесі, 12-үй.Тел/факс: 9-23-43
e-mail: abay_eli_1@mail.ru
www.abayeli.kz

Газет айына төрт рет шығады.

Редакция оқырман хаттарын қайтармайды.
Автордың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 01. 07. 13 жылы тіркеліп, N 13720 - Г тіркеу куәлігі берілген.
ТОО «Печатное издательство-агентство «Рекламный Дайджест» баспа орталығында офсеттік тәсілмен басылып шығады. Мекен-жайы: Өскемен қаласы Абай даңғылы 20 үй
Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс №
2 Баспа табақ.